Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 20 (1075)

27.05.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

ОБЛЫС ӘКІМІ ТҮЛЕКТЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА 17 МЫҢНАН АСТАМ ЖАС ТҮЛЕК ҮШІН СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛЫП, АЯУЛЫ МЕКТЕПТЕРІМЕН ҚИМАЙ ҚОШТАСТЫ. БІТІРУШІЛЕР ІШІНДЕ 1254 ОҚУШЫ «АЛТЫН БЕЛГІГЕ», 1816-СЫ ЕРЕКШЕ АТТЕСТАТҚА ҮМІТКЕР. ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ДӘСТҮР БОЙЫНША ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВ ӨҢІР ОҚУШЫЛАРЫН ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАП, ТҮЛЕКТЕРГЕ ЖЫЛЫ ЛЕБІЗІН БІЛДІРДІ.



25 мамыр еліміздің барлық білім ордасында соңғы қоңырау салтанатты ісшарасы өтті. Оның ішінде Талдықорған қаласындағы № 27 мектеп-гимназиясының ауласында, өзге оқу мекемелеріндегідей қалың жұрт жиналып, мәз болып шуласты. Бүкіл ғаламды әуре-сарсаңға салған індеттің кесірінен мұндай салтанатты жиынның өтпегеніне біраз уақыт болған еді.

Мерекелік шарада бірінші сынып оқушылары жас түлектерге жүрекжарды лебізін арнап, тақпақтарын айтты. Сондай-ақ, үлкен өмірге самғағалы тұрған мектеп бітірушілердің қолынан білім эстафетасын қабылдап алды. Бүлдіршіндер жас түлектерге: «*Алдағы емтихан мен ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, қалаған мамандықтың иесі атаныңыздар*», – деген ақ тілегін арнады.

Періште көңіл балдырғандардың тілегіне «Алтын белгіден» үміткер Құралай Данабек тебірене жауап берді. Жас түлек алтын ұя мектебінің ұстаздарына, ата-аналарға шын жүректен ризашылығын білдіріп, сыныптастарына ҰБТ-да сәттілік тіледі.

Салтанатты жиында мектептің ата-аналар комитетінің төрайымы Әсем Байысова да ақ тілегін ақтарды.

№ 27 мектеп-гимназиясының соңғы қоңырау салтанатында облыс әкімі Қанат Бозымбаев құттықтау сөз сөйлеп, мектеп бітіруші түлектерге өмірде өз жолын таңдауға, елінің мақтан тұтар азаматы болуына тілеулес екенін білдірді.

Соңғы қоңыраудың сыңғырлаған дауысы оқу жылының аяқталуын білдірсе, ал жас түлектерге бұл өмірдің жаңа кезеңінің символына айналды.

Аталмыш мектептің материалдық-техникалық базасымен танысқан Қанат Алдабергенұлы облыстың әр түкпірінен келген дарынды балалармен кездесу шарасына қатысты. Онда жалпы білім беретін жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша XIV Президенттік және XXII О.Жәутіков атындағы ашық олимпиадаларының IV кезең жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне арнайы дипломдар мен медальдар табысталды.

– *Бұл маңызды күн сіздердің жадыларыңызда мәңгі сақталады. Еліміздің Жоғарғы оқу орындарында немесе «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алған кешегі дәл сендердей балалардың көбі бүгінде елге оралып, мемлекеттік қызметте, ірі ұлттық компанияларда табысты жұмыс істеуде. Талантты, дарынды, сауатты балалардың болашақта өмірден өз орнын табатыны сөзсіз. Мені сендердің кішкентай кезден ерінбей еңбек етуді әдетке айналдырғандарың қуантады. Адамның қабілеті шексіз, егер өзіңді дамытар болсаң, кейбір адамдардың ойына да кірмейтін небір шыңдарды бағындыруға болады,* – деді облыс әкімі.

– *Адам өзіне жоғары талап қоя білу керек. Ертең біреуің ғарышты бағындырсаңдар, біреуің Премьер-министр, біреуің әкім немесе басшы боласыңдар. Енді біреулерің ауыл шаруашылығын дамытып, жекелеген салаларды жоғары деңгейге көтерулерің мүмкін. Мында тұрған балалардың барлығы дерлік оқу озаты болмаса да, кейбіреуің жеке пәндік олимпиадаларға қатысып жетістіктерге жетіп, осы салада елеулі табыстарға қол жеткізулерің ғажап емес. Сендердей дарынды балалардың көбі мектеп кезінде жақсы оқып, танымал болды. Сондықтан бүкіл өмірлерің алда. Алдарыңда ашық даңғыл жол жатыр. Жер көлемі жағынан әлем бойынша 9-шы орында тұрған мемлекетіміздің барын әрқашан есте сақтаңдар. Мемлекетімізде халық саны әлі де аз, бар болғаны 19 миллион адамбыз. Елімізді дамыту қажет және ең бастысы қорғауымыз керек. Қазіргі уақытта ең басты байлық – білім екенін естен шығармаңдар! Сендерге үлкен үміт артып отырмыз, алға ұмтылыңдар, біз сендерді әрқашан қолдауға дайынбыз! Өмірді сүйіңдер, одан ләззат ала біліңдер,* – деп түйіндеді сөзін Қанат Бозымбаев.

Айта кетейік, биылғы оқу жылында облыс бойынша 642 оқушы республикалық және халықаралық деңгейдегі білім сайыстарына қатысқан. Оның 171-і оза шауып, жүлдегерлер қатарына ілікті.

Бүгінде Алматы облысында 38 білім нысанының құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде 18 мектеп биыл пайдалануға беріледі деп күтілуде. Сондай-ақ, бір өнер мектебін ашу жоспарлануда. Республикадан бөлек, жоғары оқу орындарында білім алу үшін облыста қосымша тағы 250 грант бөлінген.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АНДАТПА

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО 3 стр.



ОТКРЫВАЕТ ЧЕТЫРЕ ШВЕЙНЫХ ЦЕХА

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-бет



МҰҒАЛІМ ҚАДІРІН ҚАШЫРҒАН «КАТЕГОРИЯ»

НАЗАР 7-бет



АҚТӨБЕЛІКТЕРДІҢ ЖАНАЙҚАЙЫНА ҚҰЛАҚ ТҮРІЛЕ МЕ?

«АҚ ҚАУЫРСЫН» 8-9-бет



ӘДЕБИ СЫЙЛЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының қала тұрғындарына 5 маусым күні өтетін Бүкілқазақстандық референдумға қатысу жөніндегі

ҮНДЕУІ

Құрметті, Талдықорғандықтар!

Бүгінгі таңда Қазақстандықтар тарихи таңдаудың қарсаңында тұр. Ел тағдырын анықтайтын, мемлекеттік басқару жүйесін өзгертіп, елдегі саяси ахуалға жаңа бағыт беретін, референдумды алғаш рет өткізілуіне байланысты, бүкіл халық болып қатысуға шақырамыз!

Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» идеясының нақты жүзеге асуының дәлелі болады.

Ата заңымызға жаңа заман талабына сай өзгерістер қажет екені рас. Сондықтан елімізді өркендету үшін өтетін референдум біз үшін өте маңызды.

Халқымызда «Қариясы бар елдің қазынасы бар» деген киелі сөз бар. Еліміздің басынан өткен тар заманда, сол қиыншылықтарды бастан өткеріп, бүгінгі жарқын өміріміздің қалыптасуына зор еңбек сіңірген қарияларымыз бұл күндері де қоғамның дамуына белсене араласып, еліміздің іргетасын нығайтуға және жас ұрпақтың тәрбиесіне әрдайым өз үлестерін қосып келеді.

Қазіргі уақытта қаламызда алдағы өтетін референдумның мазмұны мен мағынасын халық арасында түсіндіру мақсатында, облыстық және қалалық ардагерлер кеңесінің бастамасымен штаб құрылды.

Осы штаб құрамындағы ардагерлер қаламыздағы мекеме, ұйымдар мен білім ордаларында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, жан-жақты талқылаулар өткізіп жатыр.

Референдумға ұсынылып отырған Ата Заңымызға кіруге тиісті өзгерістер халқының болашағына үлкен үмітпен қарайтын әрбір азаматтың ойынан шығады деген ойдамыз.

Аталған өзгерістерді құқықтық тұрғыда бекіту үшін Президент республикалық референдум өткізуді ұсынды. Осы кешенді реформаларды жүзеге асыру үшін, Конституцияға 33 өзгеріс пен толықтыру енгізілмек. Ол мемлекеттің нақты өзгерістерге бет бұрғанын көрсетеді.

Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту – «Мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық» деген принциптің іс жүзінде орындалуының айғағы.

Еліміздің ертеңі – халықтың қолында! Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрудағы мақсат – азаматтарымыздың құқығы қорғалатын мемлекетті жетілдіру, одан әрі нығайту.

Ардагерлер қауымы конституциялық реформаның маңыздылығын терең түсіне отырып, референдум өткізуді түгел қолдайды!

Еліміз үшін маңызды таңдау жасаудан шет қалмай – 5 маусымда өтетін референдумға бір кісідей жұмыла қатысуға талдықорғандықтарды шақырамыз!

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі.

ЕЛ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН ҚАДАМ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚРЕФЕРЕНДУМӨТКІЗУГЕСАНАУЛЫУАҚЫТ ҚАЛДЫ. ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ОҚИҒАҒА БЕЙЖАЙЛЫҚ ТАНЫТПАЙ, БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ БАСТЫ БОРЫШЫ. СЕБЕБІ БҰЛ – БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒАНА ЕМЕС, КЕЛЕШЕК ҰРПАҚТЫҢ ТАҒДЫРЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ СӘТ.



Бүгінде қоғам арасында күрмеуі шешілмей жатқан күрделі мәселелер көбейіп кетті. Сол себепті Президент сөзден гөрі іске баса назар аударып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын алға қоя отырып, осындай маңызды шешім қабылдап отырғаны анық. Бұл Қазақстан азаматы ретінде мені де қатты қуантты.

Қазір еліміз үлкен өзгерістер алдында тұр. Ал Конституцияға енгізілгелі отырған өзгерістерде мемлекеттің басты капиталы – халқы және елдің, жердің иесі де сол халқы екенін айқындайтын басымдықтар бар. Жалпы Ата Заңдағы 98 баптың 33-і өзгертілмек. Бұл елдегі саяси жүйе-ні құқықтық тұрғыда бекітеді. Олай болса, 5 маусым күні әр қазақстан-дық өзінің жеке азаматтық борышын орындауға тиіс. Өйткені еліміздің болашағының дамуы тікелей осы референдумға байланысты болып отыр. Ел үшін жаны ашитын әр азамат осы референдумға қатысу керек деп есептеймін.

Анарбек МОНГОЛ,
Талдықорған қаласындағы облыстық аурухананың директоры.

МЕРЕКЕЛІК ЖИЫН

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ – СӘТ САПАР БОЛАШАҚҚА!



«Арыстан» мамандандырылған лицейінде соңғы қоңырау салтанатты мерекесі өтті. Шараға офицерлер, ата аналар және Талғар ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы мен бөлім бастығының әскери патриоттық тәрбие жөніндегі көмекшісі қатысты.

Осы жылы лицейді 79 жас түлек бітіруде. Оның ішінде 3 бала «Алтын белгіге», 7 бала ерекше аттестатқа үміткер.

Салтанатты шарада Алматы облысы Талғар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы подполковник А. Болатұлы ақжарма лебізін білдіріп, үстіміздегі жылы шақыру медициналық комиссиясынан жарамды деп танылғандарға шақыру учаскесіне тіркеу куәліктерін табыстады.

Лицей әскери бағытта болғандықтан іс-шарада соған байланысты әскери тәртіппен Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің құрылымдарына тән барлық жөн жоралғылар жасалды.

Ел қорғаны боламын деп талпынған жас түлектердің қолға алғалы отырған құжаттары өмірдің келесі бір баспалдағына дұрыс жолдама болуын және әрқашан жандарынан адал достар мен қайырымды жандар табылсын деп тілейміз.

Салтанат АЛПЫСБАЕВА,
Алматы облысы Талғар ауданының ҚІБ бастығының көмекшісі.

АНТИКОР

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы новеллаларды түсіндіру мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Алматы облысы бойынша департаменті облыстық білім басқармасының қызметкерлерімен кездесу өткізді.



Мемлекетке қызмет ету – үлкен жауапкершілік. Сондықтан заңнамамен мемлекеттік қызметшілердің қызметі мен мәртебесі егжей-тегжейлі реттеліп, оларға қатысты көптеген тыйымдар мен шектеулер белгіленеді. Осындай шектеулердің бірі – кәсіпкерлік қызметке тыйым салу.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 154 бабына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге кәсіпкерлік қызметпен айналысуға және коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға тыйым салынады.

Бірақ заңға немқұрайлылық таныту мектеп директорлары мен мекеме басшылары арасында жиі кездеседі. Ағымдағы жылдың 17 мамырындағы жағдай бойынша Алматы облысында 23 мектеп директоры мен 4 білім беру мекемесінің басшысы мемлекеттік қызмет туралы заңды бұзған.

Осыған орай, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің Алматы облысы бойынша департаментімен мекеме басшыларына және білім беру саласының қызметкерлеріне әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша, оның ішінде ҚР ӘҚБтК-нің 154, 676, 677, 678, 680 және 681 баптарына сәйкес түсініктемелер берілді. Кездесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ, білім беру ұйымдары деңгейінде-гі сыбайлас жемқорлық мәселелері, білім беру саласындағы сыбайлас жемқор-лық көріністерін жоюдың жолдары мен әдістері қаралды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары өмірдің әртүрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды барынша азайту жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

К.К. ТОКАЕВ ПРИНЯЛ СПИКЕРА МАЖИЛИСА

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПРИНЯЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ МАЖИЛИСА ЕРЛАНА КОШАНОВА, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА АКОРДУ.



Сообщается, что Касым-Жомарт Токаев был проинформирован о выездах депутатов в регионы для проведения встреч с населением по обсуждению предстоящего референдума и предлагаемых изменений в Конституцию.

«Как информировал Ерлан Кошанов, ежедневно депутатами проводилось до 250 мероприятий, премущественно в трудовых коллективах, на рынках, социальных объектах и в отдаленных населенных пунктах. По его словам, в целом граждане поддерживают предлагаемые реформы и готовы принять участие в референдуме. К разъяснительной компании по всенародному плебисциту подключена партия AMANAT. Активно работают республиканский и региональные штабы из числа авторитетных партийцев. Мобилизованы депутаты фракций в маслихатах всех уровней и молодежное крыло партии. Во время поездок мажилисмены получили обратную связь по актуальным проблемам, волнующим население. Все вопросы будут систематизированы и отработаны совместно с правительством согласно утвержденному алгоритму», – говорится на сайте Акорды.

Председатель Мажилиса проинформировал Главу государства о законотворческой деятельности палаты. В частности, с начала сессии одобрено 64 законопроекта, на рассмотрении – 51, в том числе по реализации поручений Президента. Поправки касаются Налогового кодекса, правоохранительных органов, финансовых пирамид, а также вопросов противодействия легализации доходов, полученных преступным путем. Президенту также было доложено о подготовке к публичному заслушиванию отчета правительства и Счетного комитета за 2021 год, а также проведению парламентских слушаний по вопросам водных ресурсов.

Кроме того, Ерлан Кошанов проинформировал Касым-Жомарта Токаева об усилении работы по линии парламентской дипломатии. Так, в мае проведено совместное выездное заседание профильных комитетов парламентов Казахстана и Кыргызстана по международным делам и обороне на пограничном посту в поселке Кордай Жамбылской области. В июне планируется участие депутатов в заседании советов Парламентской ассамблеи ОДКБ в Армении и Парламентской ассамблеи Тюркоязычных стран в Кыргызстане.

ПРЕЗИДЕНТ ПРИНЯЛ МИНИСТРА УСКЕНБАЕВА

ПРЕЗИДЕНТУ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТУ ТОКАЕВУ ДОЛОЖИЛИ О ДЕМОНОПОЛИЗАЦИИ СТРОИТЕЛЬНОГО РЫНКА, ИМПОРТОЗАМЕЩЕНИИ И ТРАНЗИТНОМ ПОТЕНЦИАЛЕ, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АКОРДЫ.

«Президент принял министра индустрии и инфраструктурного развития Каирбека Ускенбаева. Главе государства был представлен подробный отчет о деятельности министерства с начала года. Президент был проинформирован о принятых мерах по восстановлению пострадавших в ходе январских событий объектов. Министерством проведена проверка и сформирована статистика по вводу нового жилья за последние три года, совместно с АЗРК разработан пакет мер по демонополизации строительного рынка и его конкурентному развитию. Также запущена новая программа государственной жилищной поддержки малоимущих граждан, не имеющих собственного жилья. На сегодняшний день одобрено 2,5 тыс. заявок», - говорится в сообщении.

Как сообщил министр, в сфере промышленности подготовлен пул из 700 приоритетных инвестпроектов, в том числе направленных на импортозамещение. Разработаны решения по повышению эффективности деятельности специальных экономических зон. Проведена ревизия всех месторождений полезных ископаемых, на данный момент прекращено действие 118 лицензий, расторгнуто 57 контрактов, недропользователям направлено 73 уведомлений об устранении нарушений. Совместно с предприятиями горно-металлургического комплекса выработаны комплексные меры по стимулированию создания обрабатывающих производств с выпуском продукции средних и верхних переделов.

Кроме этого, министерством проведена обширная работа по повышению транзитного потенциала страны и привлечению в таможенно-логистическую сферу крупных международных компаний.

Отдельно Ускенбаев остановился на работе по реконструкции, ремонту и строительству автодорог республиканского значения.

«Президент напомнил, что вопрос строительства транспортных артерий страны имеет стратегическое значение, поэтому он находится на строгом контроле. Касым-Жомарт Токаев также обратил внимание на необходимость развития экономического сотрудничества с соседними странами и дал министру ряд поручений. Ранее сообщалось, что после ревизии месторождений Казахстан расторг 52 контракта, связанных с твердыми полезными ископаемыми», - добавили в Акорде.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ОТКРЫВАЕТ ЧЕТЫРЕ ШВЕЙНЫХ ЦЕХА

«Наш ответ Бишкеку»: многодетная мама открывает четыре швейных цеха в Алматинской области. В Алматинской области многодетная бизнесвуман Кымбат Касейин намерена открыть четыре швейных цеха, где будут работать многодетные мамы, женщины с инвалидностью и молодые девушки., передает пресс-служба региональной палаты предпринимателей.



33-летняя Кымбат Касейин по образованию дизайнер. Она с детства рисовала эскизы платьев. После окончания учебы в колледже всерьез начала заниматься пошивом одежды и национальных изделий. Также попробовала себя в торговли и сельском хозяйстве. Последние несколько лет шьет и продает вещи из дома. В марте 2022 года Кымбат обратилась в Центр развития женского предпринимателей Алматинской области, где ей оказали консультацию и содействие в продвижении бизнеса. Теперь в партнерстве с Региональным советом деловых женщин бизнесвуман намерена открыть швейные цеха в четырех регионах.

«При поддержке Центра развития женского предпринимательства и Совета деловых женщин Алматинской области, а также при содействии акиматов в скором времени будут запущены швейные цеха в городе Текели, в селах Капал, Жансугуров и Балпык би. Сейчас завершаем организационные вопросы. Хочу отметить, что мы нацелены именно на депрессивные районы, чтобы помочь женщинам реализоваться», – заявила Кымбат.

Также по ее словам, открытие швейных цехов станет небольшим вкладом в легкую промышленность страны.

«На отечественную одежду и обувь, национальные костюмы и текстительные изделия имеется большой спрос. Но сегодня казахстанцы вынужденно покупают текстиль из Кыргызстана. Поэтому проект будет нашим ответом Бишкеку. Пока будем развиваться в Алматинской области, но в перспективе и другие области и ближнее зарубежье», – отметила бизнесвуман.

Открытие цехов пв четырех регионах позволит создать 95 рабочих мест. Через ЦРЖП также планируется провести обучение швейному делу и подготовить квалифицированных кадров.

Напомним, что с ноября прошлого года во всех регионах РК стартовало открытие Центров развития женского предпринимательства, в рамках «Фонда Солидарности», при партнерстве Министерства национальной экономики, Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК и НПП «Атамекен». Инициатива финансируется за счет средств Азиатского Банка Развития и Программой развития ООН в Казахстане и реализуется НПП РК «Атамекен». Деятельность Центров базируется на принципах Советов деловых женщин «Атамекен» (действующих с 2015 года), главный из которых – взаимная поддержка женщин в ведении и развитии бизнеса.

Ш. ХАМИТОВ.

ЛЬГОТНЫЕ АВТОКРЕДИТЫ

КАЗАХСТАНЦЫ ОТКАЗЫВАЮТСЯ...

Как передает КазТАГ, – казахстанцы отказываются от льготного автокредита и очереди на их получение, заявил директор по государственному регулированию Ассоциации казахстанского автобизнеса (АКАБ) Кайрат Еламанов.



«Автосалон звонит нашим гражданам, а они отказываются в этот момент. Они говорят, что просто хотели проверить, одобрят кредит или нет, у многих автомобили уже имеются, как оказалось», – сказал Еламанов на пресс-конференции по льготному автокредитованию в понедельник.

По его словам, по этому поводу в АКАБ обращаются автосалоны. Как заявил спикер, есть случаи, особенно в первые дни, когда за клиентами резервировали VIN-коды при подаче ими заявок, те брали счета на оплату и обращались в банки, а после одобрения банка и автомобиль был готов к выдаче, клиенты отказывались от получения.

«*Сейчас, когда VIN коды уже убрали из счетов на оплату, эта проблема решается сама собой*», – добавил Еламанов.

В свою очередь, заместитель председателя комитета индустриального развития министерства индустрии и инфраструктурного развития Олжас Сапарбеков добавил, что потенциальный клиент льготного автокредита должен понимать, сколько денег он потратит, какие должен будет нести обязательства и учитывать это, даже просто становясь в очередь на льготный автомобиль.

«Имеются такие факты, когда люди, становясь в очередь на кредит и подавая заявку в банк, потом отказываются и от очереди, и от кредита», – подтвердил Сапарбеков.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ПАССАЖИРСКИЕ ПОЕЗДА

Как передает Sputnik, дополнительные пассажирские поезда запустят между Казахстаном и Россией.

Между Казахстаном и Россией с июня возобновляется курсирование трех межгосударственных дополнительных пассажирских поездов, сообщает «Казахстан темир жолы».

Поезда будут ходить по маршрутам:

Поезд № 145/146 сообщением Караганда – Омск, отправлением из Караганды с 3 июня по пятницам и по вторникам. Из Омска в Караганду состав начнет ходить с 4 июня по субботам и по средам;

Поезд № 113/114 сообщением Алматы-2 – Казань отправлением из Алматы с 6 июня по понедельникам. Обратно из Казани в Алматы он начнет курсировать с 9 июня по четвергам;

Курсирование поезда № 83/84 сообщением Караганда – Москва сокращается до станции Самара. Он будет ходить из Караганды с 8 июня по 30 июля 2022 года по четным датам. Из Омска в Караганду состав будет курсировать с 10 июня по 30 июля 2022 года по четным датам. Кроме того, с 1 августа по 31 августа этот же поезд будет ходить из Караганды в Самару и из Самары в Караганду по нечетным числам. С 2 сентября по 30 октября из Караганды и Самары поезд будет курсировать по четным датам. С 1 ноября по 9 декабря – из Караганды в Самару по нечетным числам. Из Самары в Караганду, с 1 ноября по 11 декабря, поезд будет курсировать по нечетным числам.

Стоимость билетов установлена по межгосударственному тарифу. Цены можно уточнить на сайте www.bilet.railways.kz.

Для въезда казахстанцев и иностранных граждан железнодорожным транспортом в страну по-прежнему обязательно наличие справки о прохождении ПЦР-тестирования на COVID-19 с отрицательным результатом. С даты ее выдачи должно пройти не более 72 часов на момент пересечения госграницы Казахстана. Или необходимо предоставить паспорт о прохождении полного курса вакцинации или ревакцинации против коронавирусной инфекции (срок не более 6 месяцев после получения последней дозы), признанного действительными на территории Казахстана согласно постановлению главного госсанврача. Пассажиры не будут допущены к посадке в вагон, если у них отсутствуют результаты ПЦР-теста или нет паспорта вакцинации от COVID-19.

Не требуется предоставления справки о прохождении ПЦР-тестирования на COVID-19 с отрицательным результатом:

– детям в возрасте до 5 лет при наличии такой справки у сопровождающих их лиц;.

– членам правительственных делегаций Казахстана;.

– членам локомотивных бригад, лицам, связанным с перевозочной деятельностью на железнодорожном, морском и речном транспорте;.

– лицам, получившим ревакцинацию или полный курс вакцинации против COVID-19 в Казахстане, если после получения второго компонента прошло не более шести месяцев на момент пересечения границы, при предоставлении документального подтверждения;.

– лицам, предоставившим паспорт/сертификат/справку о вакцинации против COVID-19, признанные действительными на территории Казахстана согласно постановлению главного государственного санитарного врача.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

МҰҒАЛІМ ҚАДІРІН ҚАШЫРҒАН «КАТЕГОРИЯ»

БИЫЛҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫ ДА АЯҚТАЛДЫ. БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ АЙҒАЙ-ШУ ҚАМЫСҚА ҚОЙҒАН ӨРТТЕЙ ҚАУЛАП ТҰР. БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САПАСЫЗДЫҚПЕН ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСІП ӘЛЕК. ӘУЕЛІ, ЖЕКЕМЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ БАР ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ІШІНЕН САПАСЫЗ БІЛІМ БЕРІП ЖҮРГЕНДЕРІНІҢ БІРАЗЫН ЖАУЫП, ЛИЦЕНЗИЯ-ЛАРЫНАН АЙЫРДЫ. ОЛАР ДА ҚАРАП ЖАТПАДЫ, СОТҚА ЖҮГІНДІ. БҰЛ КҮРЕС ӘЛІ ТОҚТАҒАН ЖОҚ, ТАҒЫ ДА БІРАЗ БІЛІМ ОШАҚТАРЫ ЖАБЫЛАТЫНЫ АЙТЫЛУДА.



«Жыланды үш кессең де, кесірткелік әлі бар» демекші, азулы айдаһарлар оңайлықпен беріспейтіндерін көрсетуде. Бұл өз алдына бір бөлек тақырып. Бар гәп, мектеп табалдырығындағы білім басшыларының заңсыздықтары мен мұғалімдердің жоғарғы санат алудағы көз бояушылықтары әшкереленіп жатыр.

«*Ойбай, білім сапасын жақсарту үшін мұғалімдердің жалақысын көтеру керек. Мұғалімнің жағдайы жасалмай, білімді ұрпақ қалыптаспайды»* – деп, дабыл қаққалы біраз жылдың жүзі болды. Әрине, дұрыс, «Еңбегіне қарай өнбегі болады» дестік. Толқын ұрған қайықтай теңселген білім жүйесінде Асхат Аймағамбетовтің алдында он екі Білім және ғылым министрі ауысты. Әр минстр ауысқан сайын реформа жасалды, білім жүйесі бірізділікке келіп, аяғына толық шыққан жоқ. «Шала піскен киіздей, қарпылмаған» қалған реформалар оқушыларға да, мұғалімдерге де сор болды. Білім жүйесіне Асхат Аймағамбетов келіп бүлінген білім жүйесінің жыртығын жамауға тура келді. Оқулықтардағы «Қамқа тонға сіркелеген биттей» өріп жүрген қателіктерден бастап «Таяқты әліп» – деп, үйренетін бастауыштағы әліппені қайтарудың өзі біраз күш болды. Жергілік-ті билік билеп төстеп алған, «Қойдай өргі-зіп, жылқыдай жусататын мұғалімдердің мәртебесін, құқығын қорғау, оларды барып кел, шауып келдің шабармандарынан ажыратып, тек білім жүйесімен айналы-суға мүмкіндік жасау министрдің қолынан келді. Жарымаған жалақымен күн көріп жүрген ұстаздардың жалақысын көтерді. Бірақ бұған қанағаттанып жатқандар некенсаяқ, ебін тапқандары екі асап жатыр. Заңды айналып өткендер жай қатардағы мұғалімдер емес, білдей бір мектеп басшылары болып тұр. Алматы облысында 23 мектеп директорлары мемлекеттік қызмет атқара жүріп, кәсіпкерлік қызметпен айналысыпты. Сау бастарына сақина тілеп алғандар кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынғанына қарамастан көз жұмбайлыққа барған. Енді әкімшілік жауапкершілікке тартылып, ӘҚБтК-нің 154 бабына сәйкес, лауазымды тұлғалардың кірістері тәркіленіп, 200 АЕК көлемінде (612 600 теңге) айыппұл салынған. Сонымен қатар Алматы облысының 4 мекеме басшысы ӘҚБтК–нің 680-бабына сәйкес «Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауына» байланысты әрқайсысы 50 АЕК (153 150 теңге) көлемінде айыппұл арқалаған. Бұл жөнінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысындағы Департамент басқармасының басшысы Асқар Садықов айтты. 17 мамырдағы жағдай бойынша сыбайлас жемқорлыққа байланысты (ӘҚБтК-нің 154, 680-баптары бойынша) 28 әкімшілік хаттама толтырылды. Кәсіпкерлік қызмет саласына және басшылық тарапынан қабылданбаған шараларға байланысты 28 мемлекеттік қызметші әкімшілік жауапқа тартылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің әкімшілік материалдары бойынша салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 10 миллионнан аса теңгені құрайды дейді. Жемқорлық туралы күнде айтылып, сағат, тіпті, минут сайын жарнамлар беріліп, заңның қаталданып жатқанын жағы талмай жемқорлықпен күресетін мекеме айтып, мемлекеттік қызметкерлерді жемқорлық жағдаймен сотталғандарды көгілдір экраннан көрсетіп, ақбақтыларға апарып көзбе-көз көрсетсе де қорқу-үрку дегенді мүлде ұмытқандар заңға қайшы әркет жасауда. Біздің міндет мұғалімдер-ді жамандау емес. Осылар-ақ газет бе-тінен мұғалімдерді түсірмей қойды ғой дейтін шығар. Мектеп басшыларының өздері заңсыздыққа жол ашып отырса, қол астында-ғы мұғалімдер не істемейді. Жоғары жалақы алу үшін әрі санат көтеру сертифкатын да сатып алып жатқан мұғалімдер-дің қылмысы әшкерленуде. Басқа-басқа білім ордаларында ба-лаларға адалдықты, әділдікті үйретіп, білімнің шамшырағын жағады деген мұғалімдердің ары таза болмаса кімге өкпелейсің. Жоғары жалақы алу үшін, сертификат сатып алып жүргендер жемқорлар емей кім?! Өйтке-ні олар мемлекеттің қаржысын жымқырғанмен бірдей.



Түркістан облысында 500-ге жуық мұғалім санат көтеру сертификатын сатып алды деген күдікке ілінген. Қазір ол сертификаттарды құзырлы органдар тексеріп жатыр. Бұл ақпаратты Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Дінислам Болатханұлы растап ғаламтор желісіне салған. Осыдан кейін білім ордасындағы былық-шылықтың тоқтайтын түрі жоқ-ау деген ойға қаласың. Жалған дипломмен сабақ берген, тіпті, араларында бұрын істі болған мұғалімдер жайлы құзырлы орган, прокуратура саласы жылма-жыл ақпараттар беріп келеді. Бұл бір ғана Түркістан облысында емес, республиканың барлық аймағында етек алған деуге болады. Кейбір мектептерде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғарғы немесе жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі туралы құ-жаттары жоқ адамдар мектепке жіберілмеуі тиіс. Жүргізілген мониторингке сәйкес, оқытылатын пән бойынша Алматы облысы Алакөл ауданының «Достық орта мектебі» ішінара талданыпты. Алакөл аудандық бі-лім беру бөлімінен алынған ақпаратқа сәйкес, аталған мекемелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен білім беру саласындағы заңнаманы өрескел бұзушылықтар анықталған. 17 мұғалімнің оқытылатын пән бойынша тиісті дипломы жоқ екендігі және оқу орнынан алынған анықтама негізінде жұмыс істейтіні белгілі болған. Мектеп директорлары қызметте отырып кәсіпкерлікпен айналысады. Одан қалса дипломы сәйкес келмейтін мұғалімге сабақ бергізеді. «Медальдың екі жағы бар» демекші, шалғай елді мекендер тұрмақ, қазір қаланың өзінде мұғалімдердің тапшылығы аз айтылып жүрген жоқ. Сондықтан шалғайдағы мектеп басшылары кадр тапшылығынан амалсыз басқа пән мұғалімдеріне сабақ жүктемесін беретіні хақ. Егер, тиісті пән бойынша дипломы жоқ мұғалімнің оқушысы жоғары жетістік көрсетсе, олда заңсыз болып табыла ма? Бұл да түйткілді мәселе. Ал жалған сертификат сатып алып жүрген мұғалімдер анықталған жағдайда айыппұлмен құтылса құба-құп. Ал жұмысынан алас-татылса, не болмақ. Мектептегі кадр тапшылығын шеше алмай отырғанда бұл жығылғанға жұдырық тигенмен бірдей болмай ма?! Осы жалған сертификатты сатып алған мұғалімдер де алаңсыз сабақ беріп, тыныш ұйықтап жүр дегенге өз басым сене алмаймын. Қай күні қылмысым ашылып қалады деп, мектепте тексеру жүрген сайын ішкендері ірің, жегендері желім болатын шығар. Себебі «Ұрының арты қуыс» деген тәмсіл барын олар да жақсы біледі. Бір ғана Түркістан облысында 500 мұғалім жалған сертификат сатып алған болса, ірі облыстар мен мегополис атанған халқы көп қалаларда қанша мұғалімнің жалған диплом мен жалған сертификат сатып алып жүргенін пайымдай беріңіз. Сертификатқа қатысты яғни, санат көтерудегі сынақтағы сұрақтар жайлы мұғалімдердің де айтар назы бар. Бір емес, бірнеше рет сынақ тапсырып өте алмаған мұғалімдердің жанайқайын бұған дейін де жазғамбыз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мұғалімдер жалақысы өсуде. Демек, лайықты жалақы алу үшін мұғалімдер арасындағы бәсекеде жарыс қызып тұр. Ол жарыс жоғарғы – санат алу. Сынақтан өте алмай қалғандар түрлі айла-шарғыға барып жүр. Министр мұғалімдерді сүзгіден өткізіп сұрыптайтын уақыттың болғанын айтып қалды. Мектеп директорлары бес жылдан артық басшылық қызметте ұзақ отыра алмайды. Енді білім сапасын арттыру үшін мұғалімдер сұрыпталатын болса, мектептердегі құмырсқадай құжынап жүрген, аты мұғалім, ісі өнбеген талай ұстаздардың орны босап қалатын шығар. Мектепте ұзақ басшылықта отырған директорлардың да айғай-шуы аз болып тұрған жоқ.

Мәселен, Талғар ауданындағы мектеп директоры математика пәнінің мұғалімін жұмыстан шығарып, ол бірінші сатыдағы сотта жеңіліп қалғанын, жинаған құжаттарында заңсыз қол қойылғандардың аудио таспасын ғаламторда шығарғанын көрдік. Қызметте отырып кәсібін дөңгелетіп отырған 23 мектеп директоры да, енді жылы орындарын босататын шығар. Бұл нені аңғартады. 30 жыл мемлекетті жаулаған жемқорлықтың бір ұшы білім саласында жатқанын көрсетеді. Балық басынан шіріген соң, өзгелерге қайтіп өкпе артқандайсың?!

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ГЕКТАРЛАП ЖЕР АЛҒАНДАР

Жергілікті халықпен санаспай жүр

Қазақта жер дауы мен жесір дауы өзектілігін жойған емес. Нарықтық жүйеге көшіп, капитализм қайта оралған дәуірде жер дауы қайта ушықты. Себебі социализмдік құрылым қирап, мемлекеттік меншіктің бәрі жекешенің қолына өткенде шенді-шекпендінің барлығы жердің көбін гектарлап өздеріне меншіктеп алды.



Кедей-кепшікке бұйырған ұлтарақтай жер мал өсіріп, егін көлемін ұлғайтуға тарлық етті. Балтырын байпақ қысқан бай-бағландар мыңдап алған жерлерін қоршап, жайылымдар мен шабындықтардың айналасын қаздырып, мал түгілі шыбын өтпейтін дәрежеге жеткізді. Ауылдағы тұрғындардың кіріс көзі қолындағы бес алты малына жайылым тарылтып, сол малға қажетті азықты жинап алу қиямет қайымға айналды. Бітіспес дау сот табалдырығына дейін жетіп, оң шешімін таба алмады. Себеп, жердің қожайындары азулары алты қарыс, жалдары күдірейген шонжарлар жерлерді заңдастырып алған.

Мемлекет басшысы ауысып, жаңа Президент сайланып, «Жаңа Қазақстан құрамыз» деп халық үніне құлақ түру қажеттілігі туындағанда ақиқатқа шөлдеп, баймаңаптарда ақылары кеткен кедей-кепшіктер қаңтарда көтеріліске шықты. Көтерілістің қатты болғаны сондай мемлекеттің шаңырағы шайқалып, ортасына түсе жаздады. Бұл бөлек әңгіме. Бұқара халықпен санаспаудың түбі жақсылыққа апармайтынын үкімет те, мемлекет басшысы да жіті сезініп, елдің бар байлығын жамбастарына басып алған 162 байдың аты аталып, түсі түстелді. Біразының соңына шам алып түсіп, заңсыз байығандардың қаржысын мемлекет қазынасына қайтартып жатыр. Қара жердің асты-үстінің байлығын сорғандардың қатарында жуандығын көрсетіп, ауыл-аймақтың тұрғындарымен санаспай, мыңғыртып мал өсіріп, ауыл іргесіне дейін жаулап алғандар мен сол жерлерді игермей жатқандар анықталуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен атқа қонған құзырлы орган, прокуратура мен облыс әкімдігі халық үніне құлақ түріп, елді мекендерге жиі-жиі сапарлап халықпен жүздесіп, түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуға белше кірісті. Игерілмей жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып, шаруалардың мал жайылымдарын қалыпқа келтіруге бар күш жігерлерін жұмылдыруда.

Жақында Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев өткізген жиында осы жер мәселесі арнайы қаралды. Онда облыс әкімінің ауыл шаруашылық жөніндегі орынбасары Әлібек Жақанбаев баяндама жасады.

Жалпы, облыс бойынша елді мекендер тұрғындарының есебінде 672 мың ірі қара, 168 мың жылқы, 1млн. 800 мың ұсақ мал барын айтқан әкім орынбасары жер мәселесінің шаруалар арасында ширығып тұрғанына тоқталды. Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы мен әдістемесіне сәйкес, елді мекен тұрғындары малына қажетті жайылымдық алқаптың жалпы көлемі 2 млн. 900 мың гектар. Атап айтсақ, бір жылқыға 4,8 гектар, бір ірі қара малға 4 гектар, ұсақ малға 0,8 гектар. Аудан әкімдері мен мемлекет меншігіндегі жерлердің 542 мың гектары қолда бар, қоғамдық жайылымдық қосалқы жерлер. Сонымен қатар қосымша 637 мың жайылымдық жер учаскелері бекітіліп берілді.

Бүгінгі таңда ауыл тұрғындарының мал жаюы үшін барлығы 1 млн. 200 мың гектар алқаптар бекітілген. 23 мамырдағы жағдай бойынша облыстағы 14 ауданда жалпы, 135 мың гектар жер көлемін мемлекет мұқтажы үшін алып қою жұмыстары жүргізілуде. Алакөл, Балқаш, Ұйғыр аудандары әкімдіктері бойынша бұларда қолда бар жайылымдық алқаптар жеткілікті, оларға жер қажет емес. Ескелді, Еңбекшіқазақ, Панфилов, Іле, Райымбек, Кеген аудандарында қосымша жайылымдық жерді бекіту жұмыстары өте баяу жүргізілуде. Бұл мәселе жергілікті халықтың наразылығын тудыруда. Аудан тұрғындарының көтеріп отырған басты мәселесі жайылым алқаптарының жетіспеуін ашып айтты. Бар гәп, «Қолынан келгендер қонышынан басып» көлемді жерді заңдастырып алғандарын тілге тиек етті. Мысалы Ақсу ауданы, «Күреңбел» тұрғыны 10 мың гектар жерді меншіктеп алса, Кербұлақ ауданында «Алатау Дейри» 10 мың гектар, Кегеннен 3 мың гектар, «Казмясо» 16 мың гектар жерді алып алған.Мұндай май шелпекке қол жеткізгендер барлық елді мекендерден табылады. Райымбек ауданында да бар. Жер мәселесі ушығып, ғаламтор желісін жыл бойы шулатып келе жатқан кегендіктер ауданның әкімі Талғат Байедилов тамыртаныстыққа жол берді деп дүрлікті. Облыс әкімі Кеген, Райымбек аудандарына халықпен жүздесуге барғанда аудан тұрғындарының ең өзекті мәселесі осы жер туралы болды. Кеген ауданында 9 мың гектар суармалы жер бар, бірақ игеріліп жатқан суармалы жердің бар көлемі 300 гектар ғана екен. Ауданда ірі-қара мал басы көбейген. Алайда жайылымды жерлер дұрыс пайдаланылмағаны айтылды. Ауданда бүгінде 28 мың бас жылқы, 54 мың мүйізді ірі қара, 204 мың қой-ешкі бар.

***Жетісу өңірі негізінен ауылшаруашылық саласы басым аймақ болғандықтан өңірдің әл-ауқаты жермен тікелей байланысты.**

1990 жылдармен салыстырғанда жылқы мен мүйізді ірі қара басы екі есеге көбейген. Есесіне жайылым жерлеріне қатысты дау туындап, тұрғындар үшін бас ауыртар мәселеге айналған. Аудан басшылығы бұл мәселенің бір шешімі ретінде 14 мың гектар жайылымды жері бар Саты жайлауына жол салу арқылы шешкісі келетіндерін облыс басшысына жеткізген-ді. Кеңес заманында малшылар малдарын Саты жайлауына қырғыз жері арқылы айдаған. Отыз жылдан бері қазақ-қырғыз шекарасы салынғалы тау басындағы Саты жайлауына жол жабылған. Аудан басшылары осы жайлауға жету үшін облыс басшысынан ұзындығы 24 шақырымдай тау жолын салуға көмектесуін сұрады. Қанат Бозымбаев бұл ұсынысқа қолдау білдіріп, тиісті жоба мен қаржылық смета жасауды тапсырды.

«*Жетісу өңірі негізінен ауылшаруашылық саласы басым аймақ болғандықтан өңірдің әл-ауқаты жермен тікелей байланысты. Ірі компанияларға жақсы жер учаскелері бөлініп беріліп, ол жерлер мақсатына сай пайдаланылмай, тіпті, мүлде пайдаланылмай уақытысында мемлекет меншігіне қайтарылмаған. Маған да, басқаға да жоқ деп бұлай қарап отыруға болмайды ғой. Біз не мал басын көбейте алмаймыз, не картоп егістігін ұлғайта алмаймыз. Соның бәрі суармалы жер мен жайылымның жетіспеуінен туындап отыр. Осыған шара қабылдап жерге ревизия жүргізсеңіздер, сонымен бірге жер учаскесін беру конкурсын ұйымдастыру мен өткізуге ерекше мән берулеріңізді сұраймын*», – деді аудан тұрғыны Мақсат Ілиясұлы.

Қанат Бозымбаев жер мәселесінің тұрақты

***Біз халықтың жағдайын жасауымыз керек, бұл мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы.**

бақылауда екенін жеткізді.

«Жер мәселесі көп ауданда бар. Тұрғындар үнемі жер жетпейді, жер заңнамалары бұзылған деп мәселе көтереді. Қазір менің орынбасарым жетекшілік ететін арнайы комиссия өңірлерді аралап жүр. Шілде айында көрші Кеген ауданына келеді. Әзірге аудан әкімдіктері жергілікті жерлерде осы бағытта белсенді жұмыс істеуі керек. Жерге жауапсыз қарағандар болса, оларға қатысты тиісті шара қабылданады. Заң бәріне ортақ», – деді ол.

Міне, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға қатысты жиында баяндама жасаған облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев өңірлерде, аудан, қала әкімдіктері, облыстық жер инспекциясымен бірлесіп пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару және заң бұзушылықты жою жұмыстарын жүргізіліп жатқанын баяндады.

«*Бұл ретте Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан облыстың 16 аудан, 1 қаласында 450 мың гектар жерге жоспардан тыс тексеру жүргізу тапсырылған, соның ішінде Райымбек ауданы да бар. Тиісті хабарламалар жолданды. Оған қоса прокуратура органдарымен бірлескен тексерудің нәтижесінде пайдаланылмай жатқан 350 жер учаскесі анықталғанын, жер учаскесінің шекарасын арықпен қазған және мал айдау белгісін қоршап алған»* – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев.

«*Бұл заңға қайшы келеді себебі, жерге залал келтіру болып табылады. Мен Жер басқару басқармасына тапсырма бердім, сол жерде анықтап, қажет болса заң аясында айыппұл салу керек. Халықтың наразылығын тудырмау керек. Ал қоршау болса оған рұқсат беріледі, мұны әр аудан әкімі қадағалау керек. Бірақ малды өткізіп беретін*

***Жерге жауапсыз қарағандар болса, оларға қатысты тиісті шара қабылданады. Заң бәріне ортақ.**

белгіні 20-30 метр қалдырып берулері тиіс. Аудан әкімдерінің жер инспекциясымен бірлесе отырып пайдаланылып жатқан жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару туралы өзіңіздің тапсырмаларыңызға сәйкес барлығына бірқатар жұмыстар берілді. Бұл ретте Ауыл шаруашылығы министрінің 4 мамырдағы 139-шы бұйрығына сәйкес облыстық жер инспекциясына жоспардан тыс 16 аудан мен 1 қала бойынша көлемі 450 мың гектар жерде 175 тексеру жұмыстары жүргізу тапсырылды. Бұл жұмыстарды бастайтын боламыз. Жер инспекциясы жер пайдаланушыларға жүргізілетін тексерістер бойынша нұсқамаларын бердік. Бұдан бөлек, прокуратура орындарымен бірлесе отырып, пайдаланылмай жатқан 350 жер пайдаланушы жер телімдері анықталды. Бұл жерде 21 500 гектар жерді тексеріп, мемлекеттің меншігіне қайтарып алу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

Қосалқы жерлер қорында азаматтарға шаруа қожалығын жүргізу үшін берілетін бізде облыс бойынша 4 млн. 100 гектар жерлер бар. Ендігі кезекте аудан әкімдері осы жерлерді заңның аясында конкурсқа қойып, қажет болған жағдайда тапсырып беру керек» –деген облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев өңір басшысы Қанат Бозымбаевтың тапсырмасына орай облыста жерді пайдалану, қорғау және қарау жөнінде комиссия құрылып, аталған комиссия 25-26 мамыр күндері Панфилов ауданына баратынын айтты. Пан-филов ауданының әкіміне тапсырмалар берілді. Содан кейін кестеге сәйкес Балқаш ауданына, шілде айында Кеген мен Райымбек аудандарына баратынын, әрбір ауданды тексерген жұмыстар бойынша өзіңізге анықтама беріп отыратынын айтты. Жиында облыс әкімі Қанат Бозымбаевтың: *«Пайдаланылмай жатқан жерлерді дұрыстап анықтау керек. Олардың кейбірінің пайдаланылмай жатқаны анықталса да, кері қайтарылмай жатады. Кейбір азаматтар жалған құжат көрсетіп заңға қайшы нәрселерге барады. Мұны жүйелі түрге енгізуге болады ма»* деген сауалына:

Ә. Жақанбаев: «*Біз ветеринария саласымен де жұмыс жасап жатырмыз. Онда базада қанша малы бар, ол неше жылға бекітілген қожайын жеріне сәйкес келе ме, жоқ па мұқият қарап, артық жерді қайтарып алып жатырмыз. Малына сәйкес жерін ғана қалдырамыз, ал егер малы жоқ болған жағдайда заң аясында сот арқылы жердің барлығын алып, конкурс арқылы халыққа таратамыз»*, – деді.

«*Мен аудандардың барлығын аралап жүрмін. Қайсысына барсаң да №1 мәселе осы. Халықтың жанайқайы жер, мал өрісінің тарылғаны алдыңнан көлденеңдеп шығады. Біз халықтың жағдайын жасауымыз керек, бұл мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы»,* – деп жер комиссиясына, жерге қатысты мәселеге мұқият болуды тапсырды.

«Айғайласам шығады ащы даусым» демекші, құйқалы жер мәселесіне қатысты халықтың ащы айқайы соңғы жылдары дүркін-дүркін естіліп жүр. Бай мен кедейлер арасындағы тартыстың тамыры солқылдайды. Тепе-теңдік жоғалған жерде екеудің бірінің омақаса құлайтыны анық. Ал жерді 10000-100 000 гектарлап басып алғандар түрлі сылтау айтып, жалған құжаттар көрсетіп, мемлекет меншігіне жерді қайтарғылары келмейтінін облыс әкімі айтып қалды. Бұл дегеніңіз «Менің атым жүріп тұрсын, сенің атың тұрып тұрсын» дегеннің кері екені айдан анық. Қалада да, далада да баспана салу үшін он соттық жерге пәленбай жыл кезекке тұрып, тоқымдай жерге жете алмай жүргендер бар. Жалпы, республика бойынша мал өрісінің тарылып, жайылымдық жерлердің қара топыраққа айналғаны, жер телімдерін иеленіп алғандар сым темірмен қоршап, одан қалса айналдыра арық қазып тастағандар қалың бұқараның ашу ызасын туғызып тұрғаны хақ. Панфилов ауданындағы Көктал ауылында да жер мәселісіне қатысты ереуіл болған-ды. Жалпы, жерді жекеменшікке бергенде жеті рет ойланып, бір рет кесетін тәсіл керек. Болмаса жер мемлекет меншігінде болып, мал басының өсіміне қарай үлестіріп беріліп, қарапайым халықтың да сұранысы өтелуі керек-ақ. Болмаса ушыққан жара, қансоқтаға айналып жарылса, тағы да революциялық көтеріліске айналып кетпесіне ешкім де кепілдік бере алмайды.

А. БҰЛҒАҚОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 30 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
10.10 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Арта»
16.05 «Жаңа Қазақстан»
16.30 «Көңіл толқыны»
17.15 «Шабдалы 18»
18.00 «Гүлдер құпиясы»
20.35 «РЕФЕРЕНДУМ-2022»
21.30 «Орман иесі»
22.25 «Жат мекен»
23.20 «1001 түн»
01.00 «РЕФЕРЕНДУМ-2022»
01.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 18.00 Мегахит
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 16.00 Кино
12.00 Т/х «Шашу»
13.00 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Вторая республика»
20.50 «На особом контроле»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «ТҰМАР»
22.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда-2»
00.00 «Народный контроль»
00.30 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 01.45 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.45 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «SarapTimes»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Сериал «Преподы»
15.35 «Келинка тоже человек»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.20 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.25 «SarapTimes»
04.20 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша City»
06.45 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 Сериал «Лучше всех»
10.50 Сериал «Снова один на всех»
14.00, 02.20 «НОВОСТИ»
14.15, 02.35 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.35 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-8»
00.25 Сериал «Тот, кто читает мысли»
01.25 «Зорге»
02.50 «Паутина»
04.45 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мерекелік концерт»
07.50 «Дау-дамайсыз»
08.15 Т/х «Мұнды ызғар»
10.00 Т/х «Бір кем дүние»
12.00 «Кішкентай мемлекет»
12.40 «Было дело»
15.40 «Подари мне счастье»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT OTBACЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Пропавшая невеста»
01.40 «Наследники»
02.10 «Мұнды ызғар»
03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Референдум-2022»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 Әзіл студио
06.30 М/с «Лило и Стич»
07.00 Ризамын
07.30, 09.30, 03.00 31 әзіл
08.30, 01.20 Сериал «Ханшайым»
10.00 М/с «Маша и медведь»
10.40 Навигация по поправкам в Конституцию
10.50 Худ/ф «Рокки-5»
13.00 «Широко шагая-2: Расплата»
15.00 «Великолепная семерка»
18.00 Сериал «Кухня» (повтор)
19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 Худ/ф «Терминатор»
00.40 Сериал «Анупама»
02.00 Сериал «49 күн»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.40, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Серт пен Сезім»
08.10, 22.30 Т/х «Қадам»
09.00 «Каникулы OFF-LINE-2»
11.00, 19.30 «Позднее раскаяние»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.20 «Гадалка»
16.30 Сериал «РОДКОМ»
17.30 Сериал «Женский доктор»
18.30, 00.15 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
19.30 Сериал «Позднее раскаяние»
21.30 Т/х «Salem men Nurlan Koyanbaev»
23.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00.50 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Считать недействительными утерянные ИБР ИП «Тюкеева. Р.Н» образца 2021 г.

Германия № 7600061, Латвия № 0337101, Литва № 0020545, Польша № 7418657, Россия № 1341493, Грузия № 0802655, Узбекистан № 0469418, 0469351, 0469443, 0469352, 0469358, 0469069, Кыргызстан № 0011661, 0013421, 0013423, 0013422, КНР № 0026148, 0026157, 0026983, 0027273, 00225890, 0025891, 0027301, 0027313.

Сейсенбі - Вторник, 31 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 Д/ф «Алаш алыптары»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 Д/ф «Зобалаң»
15.40 «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен Жаңғыру жолы»
16.05 «Жаңа Қазақстан»
16.30 М/с «Күлтегін»
17.15 Шабдалы 18»
18.00 «Гүлдер құпиясы»
20.35 «РЕФЕРЕНДУМ-2022»
21.30 «Орман иесі»
22.25 «Жат мекен»
23.20 «1001 түн»
01.00 «РЕФЕРЕНДУМ-2022»
01.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 18.00 Мегахит
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 16.00 Кино
12.00 Т/х «Шашу»
13.00 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда-2»
15.00 «Большая неделя»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Екінші республика»
20.50 «Ерекше бақылауда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «ТҰМАР»
00.30 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 01.45 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.45 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Сериал «Преподы»
15.35 «Келинка тоже человек-2»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.20 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.25 «Айтарым бар»
04.20 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Тамаша City»
06.45 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.05, 00.25«Тот, кто читает мысли»
13.05 «Старшая дочь»
14.10, 02.20 Новости
14.20, 02.35 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.35 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-8»
00.25 Сериал «Тот, кто читает мысли»
01.25 «Зорге»
02.50 «Паутина»
04.45 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.25 OZAT OTBACЫ
08.15 Т/х «Мұнды ызғар»
10.00 Т/х «Бір кем дүние»
12.00 «Кішкентай мемлекет»
12.50 «Было дело»
13.40 «Пропавшая невеста»
17.30 «Подари мне счастье»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT OTBACЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Пропавшая невеста»
01.20 «Наследники»
02.10 «Мұнды ызғар»
03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.40 «Референдум-2022»
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «Жанашыр»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Арнайы репортаж»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Референдум-2022»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 01.00 Сериал «Ханшайым»
09.30, 02.40 31 әзіл
10.00 М/с «Маша и медведь»
10.30 М/с «Шерлок Гномс»
12.10 Худ/ф «Терминатор»
14.50 Худ/ф «Терминатор-2»
18.00 Сериал «Кухня» (повтор)
19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 Худ/ф «Репликант»
00.00 Сериал «Анупама»
04.40 Сериал «49 күн»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.40, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Серт пен Сезім»
08.10, 22.30 Т/х «Қадам»
09.00, 16.30 Сериал «РОДКОМ»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00, 19.30 «Позднее раскаяние»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.20 «Гадалка»
18.30, 00.15 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Salem men Nurlan Koyanbaev»
23.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00.50 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Сәрсенбі - Среда, 1 Маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 Д/ф «Көңіл толқыны»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 Т/х «Орман иесі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Жаңа Қазақстан»
15.35 «Жұлдыз болғың келсе...»
17.15 Шабдалы 18»
18.00 «Гүлдер құпиясы»
20.35 «РЕФЕРЕНДУМ-2022»
21.30 «Орман иесі»
22.25 «Жат мекен»
23.20 «1001 түн»
01.00 «РЕФЕРЕНДУМ-2022»
01.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 18.00 Мегахит
07.00 «Оян!»
10.00, 16.00 Кино
12.00 Т/х «Шашу»
13.00 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда-2»
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «ТҰМАР»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 01.45 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.45 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Сериал «Преподы»
15.35 «Пять причин не влюбиться казаха»
17.35 «Кішкентай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.20 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.25 «Айтарым бар»
04.20 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Тамаша City»
06.45 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.05, 00.25 «Тот, кто читает мысли»
13.05 «Старшая дочь»
14.10, 02.20 Новости
14.20, 02.35 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.35 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-8»
01.25 «Зорге»
02.50 «Паутина»
04.45 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.25 OZAT OTBACЫ
08.15 Т/х «Мұнды ызғар»
10.00 Т/х «Бір кем дүние»
12.00 «Кішкентай мемлекет»
12.50 «Было дело»
13.40 «Пропавшая невеста»
17.30 «Подари мне счастье»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 OZAT OTBACЫ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Город невест»
01.40 «Наследники»
02.30 «Мұнды ызғар»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.40 «Референдум-2022»
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Мамандық маңызы»
20.15 «Қасиетті Қонаев»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Референдум-2022»
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 01.30 Сериал «Ханшайым»
09.30 31 әзіл
10.00 М/с «Маша и медведь»
11.30 «Терминатор-2. Судный день»
14.40 «Три богатыря и Шамаханская царица»
16.20 «Три богатру: ход конем »
10.30 М/с «Шерлок Гномс»02.
18.00 Сериал «Кухня» (повтор)
19.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 Худ/ф «Репликант»
00.00 Сериал «Анупама»
02.10 Сериал «Базарбавтар»
04.40 Сериал «49 күн»
04.00 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.40, 02.20 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.10 «Серт пен Сезім»
08.10, 22.30 Т/х «Қадам»
09.00, 16.30 Сериал «РОДКОМ»
10.00, 17.30 Сериал «Женский доктор»
11.00, 19.30 «Позднее раскаяние»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Q-ЕЛІ»
14.30 «Зың-Зың Күлпәш»
15.20, 01.20 «Гадалка»
18.30, 00.15 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Salem men Nurlan Koyanbaev»
23.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00.50 «Студия 7»
02.40 «Тамаша»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна Online»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЗАР

АҚТӨБЕЛІКТЕРДІҢ ЖАНАЙҚАЙЫНА құлақ түріле ме?

АҚСУ АУДАНЫНА ҚАРАЙТЫН БҰЛ ЕЛДІ МЕКЕН ТАУ БАУРАЙЫНДА ОРЫН ТЕПКЕН. АҚТӨБЕ ДЕП АТАЛАТЫН АУЫЛ СУЫҚСАЙ ОКРУГІНЕ ҚАРАЙДЫ. АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ СӨЗІНШЕ, БҰРЫНЫРАҚТА БҰЛ ЖЕРДЕ «БҰЛАН» ДЕГЕН КЕҢШАР БОЛҒАН.



Кейін «Ақсу» қой совхозы болып құрылып, үш бөлімше қараған. Атап айтсақ, Ақтөбе, Баласаз, Ащыбұлақ елді мекендері. Ауыл мал шаруашылығымен айналысқан. Сол шақта 30 мыңнан аса мал болыпты. Қазіргі таңда елді мекенде 20 шақты шаңырақ тұрып жатыр. Тұрғындар сөзінше, ауылдың бүгінгі жайы сын көтермейді. Айтуларынша, совхоз болып құрылғаннан бері ауылдарды байланыстыратын жол мүлдем жасалынбаған. Қазіргі жағдайы тіптен адам шошырлық. Халық саны аз ауыл болғандықтан болар жол жөндеу жұмыстарына қаражат та қарастырылып көрмеген.

«Ауылға баратын жол – ағыны қатты Ақсу өзені арқылы өтеді. Оның үстіне салынған көпірдің тозығы жетіп құлаудың аз-ақ алдында тұр. Елді мекенге апаратын жолдың 6 шақырымын жол таңдамайтын көлікпен ғана жүріп өте аласың. Бұл жердің ең қиын учаскесі ол – Ақсу өзеніне түсетін және шығатын шатқал. Жол ережесі бойынша жол асулары 12 пайыздан аспауы керек. Ал мұнда ондай участок 20 пайыз. Сол үшін бұл маңда жол апаты жиі болады. Жыл сайын адам өлімі орын алады.

Ауылда электр жарығы да жиі сөнеді. Электр жарығын тасымалдайтын бағаналар шіріп, қисайып тұр, тіпті, кейбір жерлерде электр сымдары шашылып жатыр.

Мұнымен қоса ауылда электр жарығы да жиі сөнеді. Электр жарығын тасымалдайтын бағаналар шіріп, қисайып тұр, тіпті, кейбір жерлерде электр сымдары шашылып жатыр. Бұл кез келген адамның өміріне өте қауіпті», – деген

Су құбыры жердің үстімен тартылған. Күзден бастап жазға дейін су болмай қалады. Себебі суықтан құбыр қатып қалады.

наздарын айтады ауыл халқы.

Бұл ауылда түйіні тарқатылмай келетін шаруалар шаш етектен. Соның бірі – ауыз су мәселесі. Осыдан бес жыл бұрын ауыз су бағдарламасы бойынша су тарту мәселесі қолға алынған. Бюджеттен қаржы да бөлінген. Алайда дәл қайнардың көзінде тас тұрғандықтан су ойдағыдай шықпай қалған. *«Су құбыры жердің үстімен тартылған. Күзден бастап жазға дейін су болмай қалады. Себебі суықтан құбыр қатып қалады»*, – дейді ескерусіз қалған елді мекен халқы. Мұнымен қоса олар бау-бақша, картоп, көкөніс өсіру үшін суаратын судан бөлек, арық жүйесінің де жоқтығын айтады.

Елдің жанына батқан тағы бір мәселе – ауылдағы медициналық пункт жайы. Айтуларынша, кішкене балалар мен оқушылар, ересектерге медициналық көмек дер шағында көрсетілмейді. Ауырып қалған жағдайда, жедел жәрдем көлігі жолдың нашарлығынан келе алмайды. Елді мекендегі 1958-1960 жылдарда салынған қамысты-каркас үйлердің де тозығы жетіп, біразы құлаудың аз-ақ

Біздің ауыл туризмді дамытуға ең қолайлы жер. Облыс әкімінің өзі келіп көрсе, осы сөздің шындығына көз жеткізер еді.

алдында тұр... Ауыл жұрты жайылым жердің тарылып бара жатқанына да алаңдаулы.

Отыз жыл ішінде ушыққан проблемалар туралы тұрғындардың бармаған жері, кірмеген есігі қалмаған. Ал, аудан басшылығы елдің жанайқайын жақсы білсе де түйткілді мәселенің түйінін тарқатуға асығар түрі жоқ сыңайлы. Елдің ендігі үміті облыс әкімі Қ. Бозымбаевта болып отыр.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ауылға назар аудару керектігін үзбей айтып келеді. Осы орайда, Алматы облысына әкім болып тағайындалған Қанат Алдабергенұлы да ел үніне құлақ түріп, ауылымызға ат басын бұрса екен дейміз. Біздің ауыл туризмді дамытуға ең қолайлы жер. Облыс әкімінің өзі келіп көрсе, осы сөздің шындығына көз жеткізер еді», – дейді ауыл жайына алаңдаулы жұрт.

Табиғатымен көз қызықтырған Ақтөбе ауылының бүгінгі жайы мен елдің үні елеусіз қалмас деген үміттеміз.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН

Облыс орталығындағы мешіт имамдары мен Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы зекет қорының облыстағы өкілдері 1 маусым – Балаларды қорғау күні қарсаңында «Айналайын» балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.



Олардың жоба-жоспарына меценат, кәсіпкер, Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты Қайрат Кереев қаржылай және моральдық тұрғыда қолдау көрсетіп, балалар үйіндегі 104 балғынға әсерлі кеш ұсынды.

Талдықорған өңірінің бас имамы Алмас Данағұловтың айтуынша, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу күллі мұсылманның ортақ парызы. Әсіресе, қамкөңіл жандарға сүйіспеншілік танытудың сауабы мол болады.

«Биылғы жыл Президент Жарлығымен «Балалар жылы» деп бекітілген соң Талдықорған қаласындағы «Айналайын» балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге мерекелік көңіл-күй сыйлауды жоспарлап едік. Меценат, кәсіпкер Қайрат Кереев мырза сол жоспарымызды жүзеге асыруға барынша қолдау көрсетті» – дейді ол.

Бағдарламаға сәйкес, балалар алдымен арнайы шақырылған лимузиндерге отырып, қаланың көрікті жерлерін аралады. *– Бұл күнді ешқашан ұмытпайтын боламын. Расында, «Балалар» жылы аясында көптеген шараға қатысып жүрміз. Бірақ лимузинмен қаланы қыдыру көптен бергі арманым еді. Сол арманым орындалды. Бұл мен сияқты балалардың бәрінің де арманы деуге болады. Сондықтан осы шараны ұйымдастырған Қайрат Нұрғабылұлы бастаған ағаларға шын жүректен алғыс айтамыз. Мен де өскенде Қайрат ағам сияқты депутат болғым келеді. Егер сол арманым орындалса, балаларға қуаныш сыйлайтын шараларды жиі ұйымдастырып тұратын боламын,* – дейді балалар үйінің тәрбиеленушісі Ирина Веснина.

Аталмыш шараның ең тартымды тұсы «AQNIET» мейрамханасында өтті. Мейрамханада көл-көсір мерекелік дастарқан жайылып, балалар концерттік бағдарламаны тамашалады. Кешке арнайы шақырылған әнші-бишілермен бірге балалар да өз өнерін көрсетті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Суретті түсірген
Ж. МҰСАБЕК.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«АҚ ҚАУЫРСЫН»

ӘДЕБИ СЫЙЛЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ



Алматы облысы әкімінің «Ақ қауырсын» жүлдесі биыл бесінші рет өтті. Дәстүрлі әдеби байқау Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалымен, «Janr» Жетісу әдеби клубымен және Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалымен бірлесе ұйымдастырылды. Қазылар алқасы шешімімен поэзия жанры бойынша I орын Алматы облысы «Жетісу» радиосының редакторы Аршын АЙДЫНБЕКҰЛЫ иеленсе, проза жанры бойынша I орынды Гүлден ЖЫЛКЕЛДИЕВА қанжығалады. Дүлдүлдер додасынан оза шапқан жас қаламгерлерді шын жүректен құттықтаймыз. Қаламдарыңыз қарымды болсын!

Көксудың күлкісі

Көксудың ағысы қатты, қылшаның дәмі тәтті. Балалық шағымнан осы қатты мен тәттіні біліп өстім. Таңғы бестен алқапқа келеміз. Қылшаның арасына қылтиып өскен арамшөптерді отаймыз. Қылша деп отырғаным – қант қызылшасы. Тілге жеңіл болсын деп жергілікті жұрт «қылша» дей салған. Екі құлақтанып енді көтеріліп келе жатқан тәтті түбірді күтіп баптамасаң, көтеріліп өсуі қиын. Көкем де бізбен жүреді. Еншімізге екі гектар жерді өзі бөліп берген. Жаз бойы сол екі гектар жерде арам шөппен армансыз алысасың. Ал қалған он сегіз гектарды қарау жалдамалы жұмысшылардың міндеті. Ақысына күзде қап-қап қант алады. Әкімнің алдамайтынын, керек десең артығымен беретінін бүкіл ауыл біледі. Сондықтан Әкімге жұмыс істеуге ауыл тұрғындары ынтық. Көкем ешқандай да ауыл, немесе қала әкімі емес. Жәй, Әкім есімді қарапайым азамат. Мал шаруашылығы және егін егумен айналысады. Сонымен қатар Мұқаншы ауылдық округінің мұрабы, аймаққа бөлінген суды дихандарға кезек-кезегімен беріп отырады. Асылан, Бағылан деген екі ұлы, және жалғыз қызы бар. Оныcы мен, есімім – Қараторғай. Атымды неге бұлай қойғанын білмеймін, әйтеуір үнемі атымды айтуға ұялып жүремін. Сонымды мектептегі Қизат ағай білетін болу керек. Мені «Әкім Таразидың қызы» деп атайды. Басқа балаларды фамилиясы бойынша атаса, мені «Әкім Таразидың қызы сабақ айт!» деп тақтаға шақыратын. Олай айтқан сайын жаным кіретін. Оқу озаты болғандықтан тарсылдатып барлық сұрақтарға жауап беріп тастаймын. «Дұрыс. Атақты жазушының қызы осындай болу керек!» деп көтермелеп қояды. Күнделігіме бестікті қонжитады. Қизат ағайдың арқасында өз атым біртебірте ұмытылды. Сыныптастарым да, басқа мұғалімдер де «Әкім Таразидың қызы» деп кетті. Бұған түк те қарсы болмадым.

Жазғы демалысымыз Көксудың жағасы мен алқаптың басында өтеді. Таң алагеуімде іске кірісеміз, күн ысымай тұрып, бір жолды басынан аяғына шығып үлгеруіміз керек. Күн көтерілгенде іс өнбейді. Төбеден күн ұрады, жерден ыстық леб еседі, шөл қысады, тер сауылайды... Ара-арасында басымызды көтеріп бел жазамыз. Алға қарасақ, бұлдырап қалың ағаш көрінеді, артта мойындарынан қылқындырған арамзалардан құтылған қылшалар «Рақмет, сендерге!» дегендей жайқалып тұрады. Бірер минут демалып алып қайта кірісеміз. Алабота, шырмауық, қияқ шөптерді тамырынан қырқып, көзін құртамыз. Көкем арасында бізді тексергені болмаса, көбіне сушылардың жанында жүреді. Ол кісі келе жатқанда, байқамай шауып кеткен қант қызылшаларын топыраққа шаншып қоямын. Олар да қылмысымды әшкерелеп мас адамдай қылжиып бір демде сола қалады. Көкешім бәрін байқаса да, үндемейді. «Обал ай!» деп қояды, бар айтатыны сол.

– Тездетіп істеңдер! Осы сумен селитра жіберемін! Әйтпесе көтерілуі баяу болып тұр, – дейді.

– Ой, көке, әлі ерте емес пе?! Ол дәріңіз қылшамен қоса шөпті де қаулатады ғой! – деп қарсы шығамыз. Біздің қыстырма сөзімізге мән берілмейді. Тағы да жол арасына «культивация» жүргізу керек екенін айтып кете барады. Түске дейін бір жол, түстен кейін бір жолды тазалап кешкі сағат бестерде үйге қайтамыз. Күні бойы шаршағанымыз үй жаққа жеткенде басылып қалатын. Күнде тұрып жел жинап алған доптай тып-тың қалыпта суға түсуге барамыз. Көксу өзенінен егіндікке бөлінген су, бақшамыздың төріндегі канал арқылы ағатын. Күндіз тастай болғанымен, кешқұрым жылып, тым керім болып тұратын. Суға бара жатқанымызды көрген атам:

– Суға түспес бұрын қолтықтарыңа су бүркіп денелеріңді үйретіп алыңдар! – деп қояды. Осы сөзін ылғи айтады. Көз алдыма ел көзінше қолтығын жуған адам елестеп күлемін де қоямын.

– Иә, ата, иә! – деп ұлдар тез кетудің амалын жасайды.

Бірақ анам маған:

– Қызым, түспеші суға! Түспеші! – деп қиылады. Оның себебі де бар. Суға түскен күні бір түрлі түс көріп шығамын. Түс көру бер жағы. Үйқылы ояу жүріп кетемін. Анамның жасамаған ем-домы қалмады. Алыс-жақын молда мен емшілерге де апарды. Нәтиже жоқ. Суға шомылуға бармай қалған күндері атқа мініп, өз-өзімді алдаймын. Ауылымыз Жеті жал бір иығын құмға беріп тұрған елді-мекен. Жерінің басым бөлігі құмдауыт. Банды төбе, Бәйге, Батыр, Сопақ қара, Желді, Сағыз, Қызыл тұмсық деп аталатын жеті бірдей үлкен құм төбе бар. Ауылымыздың «Жеті жал» аталып кеткені де сондықтан. Қасқа атқа қарғып мініп, сол төбелерді айнала шабамын. Шауып келе жатып түндегі түстерім жайлы ойланамын. Ол әйел кім? Ес білгелі көретінім – бір әйел. Бір жерге шақырғандай болады. Артынан жүргенімді қалайды. Көздерім ұйқыда болса да екі қолды алдыға созып бөлме аралып жүре беруімнің себебі де сол. Менің түн баласы үй ішін кезіп жүретінімді үйдегілер білгенімен, түс көретінімнен бейхабар. Түсімді ойлай-ойлай мен де шаршаймын, шаба-шаба атым да болдырады. Ымырт үйіріле екеуіміз сүйретіліп үйге қайтамыз. Ертерек жату керек, ертең тағы да қылша алқабына барамыз.

* * *

Тәтті түбірлер өсіп-өнгенше бірнеше мәрте арам шөбін жұламыз. Бірінші шөп жұлу науқанынан кейін әкем суды молдау салып, қандыра суарады. Содан кейін екі апта күтеміз, екі аптадай уақыт өтті-ау дегенде екінші рет шөптейміз. Екінші шөптеудің оңай, немесе қиындығы біріншісін қалай істегеніңе байланысты. Көкем «әркім өз жолымен жүрсін!» дейді. Егер бірінші шөп жұлуда таза істесең екіншісінде оңай, ал біріншіде шала жасаған болсаң, онда мехнатын тартасың. Менің жолым бір қолдан шықпағандықтан әдетте ала-құла болып жатады. Өйткені үнемі елдің соңында қаламын. Сосын басқалар өз шаруасын бітірген соң маған болысатын. Онда да қайбір жаны ашығаннан соң дейсің, тезірек үйге қайтсақ деп, тамырын қимай, шала-шарпы істеп кететіні бар. Тамыры қиылмаған арамшөп екі-үш күнде-ақ қылтиып, көктеп шығады. Оның азабын мен көрем. Сондықтан әрдайым қалайда елден қалмауға тырысамын, әрі тиянақты істеймін.

Қант қызылшасының жиі шыққан жерін сиретемін. Ол да қол байлайтын іс. Үлкен ағам Асылан артына қарап: «Қиялданбай бол!» деп айқайлайды. «Кетші әрі!» деймін оған, әрине ішімнен… Біраздан кейін байқұс шыдамай алдымнан шығып келе жатады, аға болып қамқорсыған түрі де… Қант қызылшасының екінші шөбі, жаз қызығының қайнаған сәтіне сәйкес келеді. Бұл кезде суға түсуім жиілейді. Сәйкесінше әлгі әйелді түсімде тағы да көремін деген сөз. Соның сөзіне сеніп, соңынан еремін деген сөз. Бір күні түңгі сағат үште көкем бақшадан қайтып келе жатады. Дарбазаның алдында қалғып мүлгіп тұрған мені көреді.

– «Әй, неге тұрсың мұнда?» деп сұрапты.

– «Далаға шыққанмын, қазір кіремін» деп жауап беріппін. Ақырын жаныма келіп қараса, көзім жұмулы екен. Көтеріп алып, үйге кіргізіпті. Содан кейін-ақ көкем уайымдай бастады. «Егер мен келмесем не болатын еді?» деп біразға дейін көңіл күйі болмай жүрді. Содан кейін суға түсуді доғардым. Тетелес ағам Бағыланмен сөз таластырып қалған кезде «Лунатиксің» деп келеке қылады. «Көкеме айтам!» десем ғана тиылады. Бір күні тағы ұрынды. Артынша «Көкеме айтпашы, кешірші» деп жалынды. «Онда айтқанымды орындайсың ба?» дедім қуланып. «Иә, орындаймын!» деді бұртиып. «Менің қалған екі жол қылшамды сен түптейсің!» дедім. Амалсыз келісті. Өйтпесіне амалы жоқ. Өйткені, тәтем ана жолы «Үйдің ішіндегі әңгіме ешқашан сыртқа шықпасын!» деп талап қойған. Көкем де «Қарындастарыңды мазақтағандарыңды көрсем оңдырмаймын» деп сес көрсеткен. Көкем екі сөйлемейді. Маған қол тигізбек түгіл, дауыс көтермейді. Ал екі ұлды ашуланса шықпыртып жіберетін. Осылайша ойламаған жерден жұмысымды жеңілдетіп алдым. Айтпақшы, анамызды – тәте, әкемізді – көке дейміз, түсінбей қалмаңыздар.

Бала кезден көріп жүрген түстерім кейінгі кезде өзгере бастаған. Суға түспесем де әлгі әйел түсіме енетін болды. Ол менің танысымдай болып кеткен. Мен одан қорықпаймын.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Зияны жоқ сияқты. Ол туралы ата-анама мүлдем айтпадым. Тәтем мен көкем ол туралы білсе, тіпті уайымға салынар деп үнсіз қала бердім.

Әйел бойшаң еді. Шашы ұзын. Бетіне көзден төмен ақ шүберек байлап алған. Сондықтан келбеті туралы ештеңе айта алмаймын. Ылғи да гүлді-гүлді қоңыр көйлегін киіп жүреді. Алысқа ұзап барып қолын бұлғап шақырады. Барайын десем үй есігі жабық тұрады, далаға шыға алмаймын. Менің есіктің ілгегін аша алмай, әрнәрсеге соқтығып жүргенімнен оянған көкем мен тәтем ақырын келіп төсегіме жатқызады. Мен ұйықтап кеткенше күзетеді.

Біз екінші мәрте қылшаны шөптен тазартып жатқан уақытта бақшаның басына үлкен қара машина келіп тоқтады. Ішінен бір әйел, екі ер адам түсті. Біздің алқаппен көршілес жатқан шаруашылықтың адамдары екен. Бұл жердің әйгілі Зылиха Тамшыбаеваға тиесілі екенін бұрыннан білетінбіз. «Екі мәрте Ленин орденімен марапатталған, Социалистік Еңбек ері, Жоғары кеңестің төрт мәрте депутаты болған, еңбек жолын сауыншылықтан бастап, қант қызылшасын өсіруден көш бастаған батыр кісі» деп көкем үнемі мақтап, құрметтеп жүретін. Міне, бүгін сол кісінің өзі егістік басына келіпті. Көкем амандасуға беттеді. Бізде тәпкімізді лақтыра-лақтыра салып артынан ердік. Бұйра шашын төбесіне үйген, жұмсақ матадан ақ жейде киген алпыстан асқан орта бойлы әйел жылыұшырай амандасты. Жанындағы ер адамдарды осы жақтан бұрындары да көргенмін. Зылиха апаның көмекшілері көрінеді. Зылиха апай кішігірім тәпкісін көліктен алып, бекер тұрмай жан- жағындағы қылшаның шөбін отай бастады. Біз сияқты аузы қимылдаса қолы тоқтап қалмады. Сөйлеп жүріп істеп жүр. Біздің ауыл жаққа салынған қант қызылшаларын тексеріп жүрген сияқты.

– Жеті Жалдың құмды жеріне қант қызылшасын өсіремін деп ағылшындар келді дей ме? – деді Зылиха апай көкем жаққа бұрылып:

– Иә, солай естідік. Биыл келіп зерттеп жүр. Келер жылы саламыз дегендей болыпты. Қант зауытымен де келісіпті, – деді көкем.

– Олар дамыған ел ғой, барлық саласы мықты. Салсын! Көрейік қандай технология қолданар екен. Бізде дамыған елге айналармыз! Осындай болашақтарымыз аман жүрсе, жетерміз! – деп көз алмай қарап тұрған менің басымнан сипайын деп қолын қойғаны сол еді, бас киімге әрең сиып тұрған шашым төгіліп түсті.

– Пәлі, қыз екенсің ғой! – деді. Барлығы күліп жатты. Олар қайдан білсін? Таңғы алтыда ұйқыны әрең қиып тұрғаным аздай, шаш буатын заттарымды таппай біраз жүргенімді... Ағаларым «бол, болдың» астына алып асықтырғанда, ұзын шашты орап-орап үстінен нығыздап кепканы кие сала шыққан болатынмын.

– Міне, осындай қара қыздар, болашақта неше түрлі технологияларды игеретін болады. Мен де жұмысқа ерте араластым ғой, – деді. Шашыман бір емес, бірнеше рет сипады. Бағанадан бері ер адамдай егістік жайлы сөз қозғаған Зылиха Тамшыбаевадан тік мінезділікті, өткірлікті, іскерлікті байқаған едім. Ал дәл қазір, мейірімі жүзінен төгілген қарапайым ападай көрінді. Сол күннен бастап дамыған мемлекеттен білім алып келсем деген ой пайда болды. Үйдің үлкені – Асылан, спорттың адамы. Еркін күрестен оқушылар арасындағы республика чемпионы. Мінезі біртоға. Келер жылы Алматының спорт академиясына түспекші. Бағыланның оқу туралы айтқанын естімеппін. Ал мен нақты білемін. Ауыл шаруашылығына қатысы бар маман болғым келеді. Ол ойым әлгінде Зылиха Тамшыбаевамен жолыққаннан кейін беки түскен.

* * *

Жадырап жаз өтіп, сарғайып күз түскенде қант қызылшасын жинайтын науқан да басталып кетті. Сабақпен жағаласа болатын жұмысқа біз түстен кейін қосыламыз. Жаздағыдай жан қиналмайды. Істейтін қол көп. Құтты болсын айтып келуші ауылдастар да бекер тұрмай көмектесе кетеді. Ат басындай болып үлкейген қант қызылшасының жапырағын шауып, зауытқа таситын көліктерге тиейміз. Бір көлік кетіп, келесісі жеткенше жидек тоғайға жүгіреміз. Қап-қара болып мөлдіреп тұрған жидектерді теріп, жейміз. Бір күні әдеттегідей жидек жеуден жарысқа түсіп жатқанбыз. «Ойбай!» деген оқыс дауыс шықты. Бағылан екен. Екі қолымен мойнын қысып, безектеп жүгіріп жүр. Жылауға да шамасы жоқ. Ісініп кеткендей. Сөйтсек уылжыған жидекке қонып тұрған бал арасын жидекпен қоса жұтып жіберіпті. Тірідей ауызға түскен араға да жан керек, көмейін шағып алған. Шуласып жүріп Бағыланға көп су ішкіздік. Көкем көлігіне отырғызып алып, үйге тартты. «Әлгі ара суға тұншығып өлді ме екен? Әлде тірі ме екен?» деп ойланып ары қарай жұмысқа кірістік.

Күзгі жиын-терім аяқталған соң егістікте ала жаздай тер төккен жұмысшыларға тиесілі қантын тараттық. Бәрі қуанып жатыр. Әсіресе еңбекқорлығымен көкеме жаққан Елжас ағаның балалары. Әкелерімен бірге алқапта еңбек еткен балалары өз еңбектерімен тапқан нәпақаларын мықшыңдап тасып мәре-сәре. Кетуге ыңғайланғанда менен бір сынып төмен оқитын баласы: «Әкім Таразидың қызы, шәй ішуге қалсашы! Қазір, біз, екі жерден қант қойып шәй ішеміз» дегені.

– Ой ол онша емес, қанттан кәмпит жасап жесеңдер, керемет дәмді болады,– деп өзімше білгішсіндім. Ал көкемнің көзіне мөлдіреп жас келіпті. Екі жерден қант қойып шәй ішуді қуаныш көрген қара баланың бақытты сәтін бүлдіргісі келмеді.

– Мә, солай ма? Керемет қой, қап әттеген-ай, біз асығып тұр едік, әйтпесе мен де қантпен шәй ішкім келіп тұр еді, – деп қызыққандай рай танытты да «Айтпақшы, Әкім Таразидың қызы дегені не? Бұл менің – Қараторғайым, ешкімге бермеймін, сенікіне де тастамаймын» деп балаларды күлдірді. Бәріміз күле-қуанып қоштастық.



ЖҮРЕК ІЗДЕГЕН АДАМ

(Ахмет Байтұрсынұлының рухына)

Таудың маңдайын сүйіп,
Тастың таңдайын жібітіп.
Өтті дәурен.
Біз қалай қайрылмадық.
Шақ па дейміз түсетін ойға ұрланып.
Үт пе дейміз үзілген таңсәріде,
Үр ме дейміз…
бататын ай нұрланып,
Мына маңда барады қайғым қалып.

Өтірігім осы жыр шындығым да,
Сәуле ме еді татитын бір ғұмырға.
Өмір сүрген қаламның сиясында,
Өмір сүрген өлеңнің құлдығында.

Әйтпесе адам тағдырды тандайма ащщы,
Құлы болған ғылымның қандай жақсы.
Қандай жақсы қалғыған ай алдында,
Қандай жақсы жарқ еткен жандай тапшы.

Қара көзге жас па әлде тамшылаған,
Қара қызға хат па әлде хәл сұраған.
Қара сөзге қатепті нар ма шөккен,
Қара жұртқа қайғысын жаншымаған.

Қайда қалды жүрегі қай қалада,
Адасып жүр арғымақ айдалада.
Мен бір суат ойайын шөліңді бас,
Шөліңді бас, айт сосын айға ода.

Мұнар түнге шашылған мұңды не етем,
Қабіріңде көктеген гүлді не етем.
Ғұмырының соңына бара жатып,
Өз жүрегің өзіңе күлді ме екен.

Күлді ме екен, кім білсін, Хаққа жалған,
Бір бұлбұл құс сайрайды бақтан ауған.
Мен бір жүрек жолбойы тауып алдым,
Сенің мөлдір мұңыңдай отқа оранған.
Ахмет!

Аршын АЙДЫНБЕКҰЛЫ

Осы оқиғалар аралығында бірнеше түс көрдім. Түнгі қонағымның келесі жиіледі. Әлгі қоңыр көйлекті әйелді айтам, шыдамы таусылғандай шыж-быж болады. Бірдеме дегісі, әлденені көрсеткісі келеді. Бірақ мен түк түсінбей далмын. Жеті жасыман бастап көріп келе жатқан түстерім бітпейтін сериалдай болып барады. Соңғы көрген көрініс күні кешегідей, әлі есімде...

Көкемнің көлігімен аудан орталығына әлдебір шаруамен барғанбыз. Қайтар жолда Көксу өзенінің басындағы су жинайтын бөгетке қарай бұрылдық. Көкем округтің суға жауапты мамандарына биыл жөндеуден өткен платинаны көрсетпекші екен. Өзен бойындағы соқпақ жолмен көлігіміз шоқалақтап келеді. Бір кезде әлдебір нәрсе көзіме елестеп кетті. Дежавю көргендей күй кештім. Мына жерге өмірімде бірінші рет келіп тұрсам да аққан суы, өскен ағашы бәрі таныс.

– Көке, тоқтаңызшы, – деп айғай салыппын.

– Не болды, қызым? – деп ол кісі жіксаппар болып жатыр.

– Мен бұл жерді күнде, тіпті соңғы жеті жыл бойы көріп жүрмін ғой. Иә, менің түсіме кіретін тура осы жер. Анау тұрған ағаш, алыстан ағарған алып платинаның көрінісі, жолдан бөлек көлденең жатқан соқпақ жол, барлығы да маған таныс. Мен бұларды қайдан білемін?

– Сонда сен, жеті жыл бойы түсіңде осы жерді көресің бе?

– Иә, иә! Осы жерді көремін, және бір әйел бар. Сол әйел мені осы жерге алып келеді. Өзі судың ортасына тұрып алады да мені шақырады.

– Әйел дейсің ба? Қандай әйел? Неге бізге айтпадың?

– Қоңыр көйлекті әйел. Сіздерді шошытқым келмеді. Түні бойы жүріп шығатынымның өзі сіздерге ұлы қайғы болды ғой!

– Жоқ, былай болмас! – деп көкем көлігін оталдырды да кері бұрылды. Бізді күтіп тұрған топтың ортасынан бір жігіт:

– Әкім аға, қайда кеттіңіз? Сізді күтіп тұрмыз ғой, – деп айқайлады. Көкем қайрылмады, тікелей үйге тартты. Тәтем мен атам бестің шәйін ішуге енді отырған екен. Жандарына жайғастық. Көкем дастарханнан дәм алмай біраз сұрланып отырды да.

– Айту керек, айтпаса болмас, – деп менің көрген түстерімді баяндай бастады. Арасында «солай ғой» деп маған мақұлдатып алады. Атамның көзі алақтап, мазасы қашты. Қан қысымы жоғары болатын, ауырып қалмасын деп тәтем дәрілерін баптап берді.

– Қараторғай қызым, осы уақытқа дейін айтпасақ жаныңды жаралағымыз келмегеннен деп ұқ. Өзің білесің, ұлдарыман артық көріп өсірдім. Әрмен де солай болмақ. Сен тыңда! – деді бір уақытта көкем маған бұрылып. Менің шоши бастаған түрімді көріп, дәл жаныма отырып қолымды қысып алды.

– Біз сені Көксу өзенінің жағасынан тауып алғанбыз, – деді. Сол дауыс діріл түрінде құлағымның ішінде әлі де жаңғырып тұр.

– Дәл сол бағана барған жеріміздің, су тоспасының қасынан тауып алғанмын.

Сені кім тастады? Неге? Қазір ол адам қайда жүр? Бұл сұрақтарды бізге қоймасаң да болады. Аудан немесе қала бойынша бала жоғалды деген дабыл болмады. Жетімдер үйіне алып кетер деп өзіміз де ешкімге тіс жармадық. Көп ойланбастан өз атымызға жазып алдық, – деді көкем даусы дірілдей. Тәтем мен атам да бірнәрселерді айтып жатыр. «Бірдеме деші, сөйлеші қызым!» деп тәтем бетімнен сүйіп-сүйіп қояды. Менің басым мең-зең. Жылайын десем көзімнен жас шықпайды. Орнымнан атып тұрдым. Бәрі үрпиісіп менімен бірге тұрды. Оқыс қимылымнан секем алғандай...

– Ол мені тастамады. Түсіме жеті жыл бойы кірген әйел – менің анам! – дедім даусымды нығарлай. – Ол уағдаласқан жерге уақытында келген. Құндақтағы баласын емізіп, әлдекімді күткен. Қауіпсіз жерге баланы қойып, өзі өзеннің жағасына барып қолын жуған, бетін шайған. Су ішпек болып өзеннің тұнықтау жерін іздеген. Тастарды басып, ортасына таман таяп барған. Сол кезде аяғы тайып кетіп, асау өзеннің ішіне гүмп етіп кіріп кеткенін өзі байқамай қалды. Терең болмаса да тіктеп тұруы мұңға айналды. Ары-бері шайқалып, қарманып шығуға мүмкіндік бермей ағызып әкетті. Ол шығуға талпынғанмен «мені жеңу қайда сағаң» дегендей ашулы Көксу гүлді гүлді қоңыр көйлек киген келіншекті қақпақылап әкете барды.

Айтқан түсімнің жалған тұсы жоқ еді. Кейде түсті көруін көріп ұмытып қалатын кездер менде де болатын. Бүгін әп-сәтте барлығы көз алдыма келе қалғанына таңмын. Біз қаламасақ та жадыда еріксіз сақталатын ақпараттар болады екен-ау! Есіме түсуіне түрткі болған сол – өзен!

Басқа әлемге барып келгендей болып отырған үшеуі ағыл-тегіл жылады. Мені мазалап жүрген әйелге жандары ашып, естіген оқиғаға сене алар емес. Сол уақыттарда Көксудың төменгі ағысынан бір әйелдің өлі денесі табылғанын естігенін айтысты.

Ал мені туған әйел шындықты айту үшін осындай қадамға барған болар деп топшыладым. Естуімше о дүниелік адамдар тірілерге риза болмаса, түсіне кіріп мазасын алады деуші еді. Ол да «тастап кетті» деген пікірмен келісе алмай атойлаған болар. Соңғы демі қалғанша, жағада қалған жалғыз қызын кімге аманаттайтынын білмей тұншықты емес пе?

Сол күні жастығымды баурыма қысып ұзақ жыладым. Талып ұйықтадым. Түс көрмедім. Кейін қанша қаласам да ол әйелді түсімде көре алмадым. Қой сойып, құдайы тамақ тараттық. Жанымда жүрген жақсы адамдардың жүректерін ауыртқым келмеді. Бұл әңгімеге нүкте қойдым. Тағдырыма көндім.

* * *

Уақыт – емші екен. Мұхит асып Америкаға аттанбасам да Түркиядан білім алдым. Су ресурстары және топырақ мелиорациясы мамандығы бойынша магистр дәрежесін иелендім. Елге оралған күннен Зылиха Тамшыбаеваны көргім келген. Одан кейін он жыл сырғып кетіпті. Батыр ананың жетпіс жасына орай Алматы облысы әкімдігі ұйымдастырған мерейтойға көкеммен бірге бардым. Жиылған елде есеп жоқ. Әсем жыр мен төгілген ән, елінің құрметті азаматына арналып жатты. Жанына барып: «Осыдан он жыл бұрын егістік басында өзіңізден бата алғанмын» деп айтуға жүрегім дауаламай қойды. Бірақ, бірінші рет өзіме көңілім толды. Артылған үмітті ақтай алғаныма қуандым. Алдымда талай асу бар екенін біліп келемін.

Бағылан мал дәрігері атанды. Ал Асылан келместің кемесіне ерте мінді. Мәулен Мамыровтай даңқты балуанды туғызған Жеті Жалдың топырағынан алтын асықтай Асылан қуат алып өсіп еді. Қаскөйлер атқан қой құмалағындай қорғасынды құшақтаған күйі өмірден кете барды. Кеудесі өксікке толып көкем, зар жылап тәтем қалды. Біз Бағылан екеуміз де бірге өлгендей болып едік. Жоқ, тірі екенбіз! Тіршілік жалғасады екен... Асыланның басына барған сайын мені туған әйелді де ойлаймын. Анам деп те айта алмаймын. Бейіті болса құран бағыштап, көңіл босаса жылап та алар едімау! Қайда барамын? Шындықты білген күннен есейіп кеттім. Шолжаңдап еркелеуді сап тидым. Жасқаншақтық пайда болды. Бетіме келіп баспаса да қуыстанып тұруды шығардым. «Қаншa қорынсам да, сол күйге түскенің-ай?» деп көкем менімен бірге қиналды. Олардың кінәсі жоқ. Жерде жатқан шақалақты алып, бауырына басты. Өгейлік көрсетпеді. Тәнім тұрмақ, жанымның қиналғанын қаламады. Ал менің, туған әкем қайда? Тірі ме, өлі ме? Жігіттік сөзін беріп кездесуге келмей қалды ма? Әлде уақытынан кешігіп жетіп, өзен бойынан не сүйген жарын, не туған қызын таба алмай, екеуі бірдей суға кеттіге жорып, пұшайман болды ма екен?! Әлде «Кездесер жерге келмеді, серттен тайды» деп өзінше жорамалдап, анамды кінәлап, менің бүгінгі күйімді білместен бір жерде жүр ме екен? Дегенмен де ол бір жерге кеткен адам ба? Әскерде әлде оқуда болғанда, ауылда қалған анам туып қалған ба? Оған хабар жеткен соң «Күт мені, алып кетемін» деді ме екен? Бұл сұрақтардың жауабын мен білмеспін, білсе Көксу мен көктегі Құдай білер. Көксуды көрген сайын көңілім алабұртып біреуді іздегендей суына тесіле қараймын. Ол болса мен барған сайын көпіріп ағады, сенің сырың маған мә-лім дегендей сығырлай, сықылықтай күледі.

Гүлден ЖЫЛКЕЛДИЕВА

ЕНПФ Алатау

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

НЕВОСТРЕБОВАННЫЕ СУММЫ ГАРАНТИЙНОГО ВОЗМЕЩЕНИЯ ПЕРЕВЕДУТ ИЗ КФГД НА ДПВ В ЕНПФ

С 1 мая 2022 года невостребованные в течение года в АО «Казахстанский фонд гарантирования депозитов» (КФГД) суммы гарантийного возмещения по гарантируемым депозитам будут перечислены КФГД на индивидуальные пенсионные счета (ИПС) для учета добровольных пенсионных взносов (ДПВ), открытые в ЕНПФ на имя депозиторов.

Невостребованная сумма гарантийного возмещения зачисляется на ИПС при условии соответствия персональных данных депозитора, содержащихся в реестре депозиторов, персональным данным вкладчика, имеющимся в ЕНПФ, при наличии действующего документа, удостоверяющего личность депозитора, а также при наличии у депозитора в ЕНПФ ИПС с пенсионными накоплениями за счет обязательных пенсионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов и (или) ДПВ.

То есть вкладчикам не нужно специально обращаться в ЕНПФ – при соблюдении указанных условий перечисленные КФГД суммы зачислятся в ЕНПФ на ИПС для учета ДПВ автоматически.

Зачисленные на ИПС для учета ДПВ невостребованные суммы гарантийного возмещения будут инвестироваться в таком же порядке, как и другие пенсионные активы. Эти суммы будут приносить инвестиционный доход вкладчику (получателю).

Депозиторы смогут получить невостребованные суммы гарантийного возмещения из ЕНПФ в виде пенсионных выплат за счет ДПВ на общих основаниях, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» для вкладчиков ЕНПФ, имеющих пенсионные накопления, сформированные за счет ДПВ:

1) достигших пятидесятилетнего возраста;

2) являющихся инвалидами;

3) выезжающих или выехавших на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан иностранцев и лиц без гражданства, представивших документы, определенные законодательством Республики Казахстан, подтверждающие намерение или факт выезда;

4) имеющих пенсионные накопления в пределах сумм ДПВ и начисленного на них инвестиционного дохода, находящихся в ЕНПФ не менее пяти лет.

Вместе с тем, в случае, если владелец депозита пропустил срок выплат из КФГД по уважительной причине (поступление депозитора на воинскую службу, нахождение депозитора за пределами Республики Казахстан, принятие наследства депозитора и иные причины, связанные с приобретением или открытием наследства, нахождение депозитора в местах лишения свободы, а также другие обстоятельства, установленные судом) ему необходимо обратиться с заявлением напрямую в КФГД. В этом случае ЕНПФ на основании уведомления КФГД осуществит возврат невостребованной суммы гарантийного возмещения в КФГД.

Справочно сообщаем, что по состоянию на 15 апреля 2022 года в Казахстане в процессе ликвидации находятся 9 банков. Вкладчики восьми ликвидируемых банков (АО «Валют-Транзит Банк», АО «Казинвестбанк», АО «Delta Bank», АО «Эксимбанк Казахстан», АО «Qazaq Banki», АО «Банк Астаны», АО «Tengri Bank» и АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» могут получить свои суммы гарантийного возмещения из КФГД до 1 мая 2022 года включительно. Вкладчики АО «Capital Bank Kazakhstan», который был ликвидирован позже, могут получить гарантийное возмещение до 3 июля текущего года включительно. Заявление на выплату суммы гарантийного возмещения можно подать онлайн через Электронный портал выплат либо письменно через банки-агенты, которые назначаются для осуществления выплат вкладчикам лишенного лицензии банка.

ЕЖЕМЕСЯЧНО КАЗАХСТАНЦЫ ПОЛУЧАЮТ ИЗ ЕНПФ БОЛЕЕ 3 МИЛЛИОНОВ ВЫПИСОК С ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ СЧЕТОВ

Единый накопительный пенсионный фонд за три месяца текущего года (в период с 01.01.2022 по 01.04.2022) оказал своим вкладчикам 11,8 миллионов услуг.

Свыше 93% услуг ЕНПФ вкладчики (получатели) получили в удобном электронном формате. Напомним, услуги Фонда можно получать буквально за считанные минуты, не выходя из дома. Например, на сайте и в мобильном приложении ЕНПФ вкладчики могут в любое время и в любом месте получить выписку с индивидуального пенсионного счета, внести изменения и дополнения в свои реквизиты, получить справку о наличии ИПС, подать заявление о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно, а также по добровольным пенсионным взносам, отслеживать статус заявления на выплату и многое другое. Подчеркнём, что из общего количества онлайн-услуг 8,1 миллиона (или 68,49%) оказано на сайте либо мобильном приложении ЕНПФ.

Кроме того, в ЕНПФ развит беззаявительный формат обслуживания. В него входит, к примеру, автоматическое открытие индивидуальных пенсионных счетов по учету обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ). Напомним, в случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС, он открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. При этом идентификация физического лица осуществляется по персональным данным, указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, ОППВ или ДПВ. Все необходимые сведения о реквизитах действующего документа и месте проживания вкладчика ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов. В беззаявительном порядке с начала года было оказано 2,9 миллионов услуг или 24,66% от общего объема.

Посредством традиционного очного обслуживания в подразделениях ЕНПФ по всему Казахстану вкладчикам было оказано 494 741 услуг. Напомним, ближайшее отделение Фонда можно легко уточнить на сайте enpf.kz либо мобильном приложении ЕНПФ. В рамках совместного проекта АО «ЕНПФ» и АО «Казпочта» по предоставлению пенсионных услуг в отдалённых населённых пунктах в отделениях национального почтового оператора вкладчикам фонда на 1 апреля 2022 года в 347 почтовых отделениях было оказано 3 634 услуг. Имеются в ЕНПФ и отделы выездного обслуживания, с начала года они провели 16 847 операций. Данный отдел предоставляет услуги по оформлению заявлений об открытии индивидуальных пенсионных счетов по учету обязательных профессиональных пенсионных взносов (в том числе заявлений о присоединении к договору о пенсионном обеспечении за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов). Также обслуживаются вкладчики (получатели), относящиеся к категории социально уязвимых слоев населения (инвалиды 1-й и 2-й группы, имеющие инвалидность бессрочно) с соблюдением санитарно-эпидемиологических мер.

Отметим, наиболее популярной услугой у вкладчиков ЕНПФ является выдача выписок - 9 679 844 операций (около 68% в электронном виде), далее следуют принятые заявления на ЕПВ (в автоматическом режиме) - 1 389 315 и т.д.

Особое внимание ЕНПФ уделяет предоставлению качественных консультационных услуг и развитию информационных каналов для вкладчиков и получателей Фонда. На 1 апреля 2022 года отработано 312 391 обращений.

Напоминаем, получить консультацию вкладчики и получатели ЕНПФ могут в call-центре по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), а также на корпоративном сайте enpf.kz, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники.

НАКОПЛЕННАЯ ДОХОДНОСТЬ ПЕНСИОННЫХ АКТИВОВ С НАЧАЛА ДЕЙСТВИЯ НАКОПИТЕЛЬНОЙ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЫ ПРЕВЫСИЛА НАКОПЛЕННУЮ ИНФЛЯЦИЮ НА 117,84%

Сумма пенсионных накоплений вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда на 1 апреля 2022 года достигла 13,0 триллионов тенге. Как известно, данная сумма включает в себя пенсионные взносы вкладчиков и инвестиционный доход.

Қандай қоғам болса да мемлекеттік басқарусыз, яғни, мемлекеттік қызметшілерсіз әрекет етуі мүмкін емес. Қазіргі қоғамның талаптарына сай билікке деген халықтың сенімі мемлекеттік қызметшіден басталатыны белгілі. Сондықтан мемлекеттік қызмет ел игілігі жолындағы жауапты да, абыройлы міндет болып табылады. Халықтың сенімін ақтап, туған елің үшін қызмет ету асқан жауапкершілікті талап етеді. Осы мақсат жолында біздің елімізде де жүйелі жұмыстар ұдайы жүзеге асырылып келеді. Мәселен республикамызда мемлекеттік қызмет саласын уақыт талабына сай жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осы орайда, мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру жолында озық реформалар да енгізіліп отырады. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» заңына да өзгерістер енгізіліп тұрады. Қазіргі қолданыстағы аталмыш заңның соңғы нұсқасына сәйкес мемлекеттік қызметті жетілдіруге байланысты біршама озық реформалары енгізілді. Мұны мемлекеттік қызметтің жаңа моделі деуге де болады. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін бірер мысал келтіре кетейік.

(Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заңда Қазақстанда Мемлекеттік қызметтің "мансаптық" моделіне көшу үшін құқықтық негіз айқындалған, онда мемлекеттік қызметшілерді ілгерілету төменгі лауазымдарда жұмыс өтілі болған кезде және ішкі конкурстар өткізу жолымен (әңгімелесу арқылы) жүзеге асырылатын болады. Бірінші кезеңде ішкі конкурс мемлекеттік органның өзінің қызметшілері арасында өткізіледі. Тиісті кандидаттар болмаған жағдайда ішкі конкурстық іріктеу барлық мемлекеттік қызметшілер арасында өткізіледі. Ішкі конкурстарды өткізу туралы хабарландырулар тиісті мемлекеттік органның және Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің интернет ресурстарында ғана жарияланатын болады. Үш жылда бір рет ұйымдастырылып келген сынақтарға біраз өзгерістер енген. Мәселен маманның біліктілігі автоматтандырылған арнайы бағдарлама арқылы бағаланбақ. Ал аяғы ауыр немесе 3 жасқа дейінгі балалары бар аналар, 14 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналар мен әкелер аттестациядан толық босатылады. Зейнет жасына таяғандар мен жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлер де бұл сынақты тапсырмайды.

Елдар ҚАЗБЕК,
Талдықорған мамандандырылған

АЛҚАБИ

ҚҰРМЕТТІ ДЕ ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Алқаби болу – әрбір азамат үшін құрметті де жауапты міндет. Өйткені,ол сот отырысы кезінде тағдыры қыл үстінде тұрған сотталушының кінәсінің қаншалықты ауыр, не жеңіл екенін анықтауды жүзеге асыратын процессуалдық тұлғаға айналады.

Алқа билердің қатысуымен істерді қарау – демократия қағидаларының жарқын көрінісі. Мемлекет үшін адам құқықтары мен бостандықтары басты құндылық болып табылса, алқа билер соты Ата Заңымызбен бекітілген осы негізгі құндылықтарды қорғауға бағытталған. Алқа билер тиісті заңды басшылыққа ала отырып, өзінің ішкі сенімі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның, кінәсі немесе кінәсіздігі туралы кесім шығаратын халық өкілдерінің соты болып табылады.

Қаралатын қылмыстық іс бойынша сот отырысына алқабилерді шақыру кезінде алқабилерге үміткер ретінде таңдалған тұлғалар тарапынан әрқилы түсінбеушіліктер де көптеп туындайды. Бұған себеп, азаматтардың басым көпшілігі жалпы алқабидің кім екендігін, оның мәртебесі қандай екенін білмейтіндігі, ягни, құқықтық сауаты мен сана деңгейінің төмендігінен немесе немқұрайлықтарынан туындап жатады.

Осы аталған мәселелерді оңтайлы шешу үшін, біріншіден, жергілікті атқару органдары, әр деңгейдегі әкімдіктердің мамандары, заңда шектеу қойылған адамдардың алқабилер тізіміне кіріп кетпеуін нақты қадағалап, тізім жасаған кезде әрбір алқабиге үміткер адаммен жеке сұхбаттасып, сөйлесіп, "Алқабилер туралы" заңның негізгі қағидаттарын, олардың болашақ құқықтары мен міндеттерін, олардың сот төрелігін атқарудағы қызметтері ақылы екендігін, оның күндік мөлшерін, сонымен қатар, басқа да осы төңіректе туындайтын мәселелер бойынша құқықтық көмек көрсетсе нұр үстіне нұр болар еді. Сондықтан осы шағын мақаламызда алқабилердің сот талқылауына қатысуының жалпы шарттарына қысқаша тоқтала кетсек артық болмас. Мәселен, ҚР ҚПК-нің 645-бабында алқабилердің сот талқылауына қатысуының жалпы шарттары көрсетілген. Атап айтқанда, алқабилер алқасын құру аяқталғаннан кейін төрағалық етуші алқабилердің негізгі құрамына алқабилердің орындығында оларға бөлінген орындарға жеребе тастаумен айқындалған тәртіпке сәйкес отыруды ұсынады. Алқабилердің орындығы сот отырысы залында қатысып отырғандардан бөлек болуға және әдетте, сотталушылардың орындығына қарама-қарсы орналасуға тиіс. Қосалқы екі алқаби алқабилердің орындығынан өздері үшін арнайы бөлінген орындарға отырады. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, алқабилер және қосалқы алқабилер сот талқылауы кезінде сот отырысы залында ұдайы болуға міндетті.

Егер сот талқылауы барысында, бірақ алқабилер мен судья кесім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін алқабилердің қайсы біреуінің сот отырысына одан әрі қатыса алмайтыны немесе төрағалық етушінің оны сот отырысына қатысудан шеттеткені анықталса, онда ол қосалқы алқабилердің тегі көрсетілген билет жәшіктен қандай тәртіппен алынса, сол тәртіппен қосалқы алқабимен ауыстырылады. Сондай-ақ, егер алқабилердің қайсы біреуінің сот отырысына қатысу мүмкіндігінің жоқтығы кеңесу бөлмесіне кеткеннен кейін анықталса, онда судья мен алқабилер сот отырысы залына кіріп, алқабиді қосалқы алқабимен ауыстыруға және қайтадан кеңесу бөлмесіне кетуге тиіс. Ал, осы екі жағдайда да егер шығып қалған алқабиді қосалқы алқабимен ауыстыру мүмкіндігі таусылған болса, төрағалық етуші өткен сот талқылауын жарамсыз деп жариялайды және сот талқыла-уын осы Кодекстің 638-бабына сәйкес алқабиге кандидаттарды алдын-ала таңдау кезеңіне қайтарады. Сонымен қатар кез келген алқаби осы Кодекстің 647-бабының төртінші бөлігінде белгіленген шектеулерді сақтамаған жағдайда, істі қараудың кез келген кезеңінде іске одан әрі қатысудан шеттетілуі мүмкін. Алқабиді шеттетуді төрағалық етуші тараптардың қатысуымен жүзеге асырады, бұл туралы сот отырысының хаттамасында жазба жасалады.

Сайып келгенде, қылмыстық істерді алқа билердің қатысуымен қарау сот жүйесін реформалауда қол жеткен жетістіктердің маңыздысы деп санауға және Конституцияда көрсетілген соттардың адам тағдырын шешудегі және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудағы қызметінің халық ортасында әділдіктің, заңдылықтың үстемдігін паш етуінің айқын көрінісі деуге болады.

Асқар БЕЙІМБЕТОВ,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

СТОРОНЫ В ГРАЖДАНСКОМ ПРОЦЕССЕ

СПОРНОЕ МАТЕРИАЛЬНОЕ ПРАВООТНОШЕНИЕ – ОБЪЕКТ ПРОЦЕССА ПО КОНКРЕТНОМУ ГРАЖДАНСКОМУ ДЕЛУ, А ЕГО СУБЪЕКТЫ ЯВЛЯЮТСЯ СТОРОНАМИ. ВОПРОСЫ О СУЩЕСТВОВАНИИ ИЛИ НЕ СУЩЕСТВОВАНИИ ЭТОГО ПРАВООТНОШЕНИЯ, ЕГО СОДЕРЖАНИИ, О ТОМ, НАРУШЕНЫ ЛИ В ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ И В КАКОЙ МЕРЕ ПРАВА ИСТЦА И ДОЛЖЕН ЛИ ЗА ЭТО ОТВЕЧАТЬ ОТВЕТЧИК, БУДУТ РЕШЕНЫ СУДОМ ТОЛЬКО ПОСЛЕ РАССМОТРЕНИЯ ДЕЛА ПО СУЩЕСТВУ. ОТЛИЧИТЕЛЬНОЙ ЧЕРТОЙ ИСКОВОГО ПРОИЗВОДСТВА ЯВЛЯЕТСЯ СПОР О ПРАВЕ, КОТОРЫЙ ВЕДЕТСЯ МЕЖДУ СТОРОНАМИ. СТОРОНЫ ЯВЛЯЮТСЯ ОСНОВНЫМИ УЧАСТНИКАМИ ПРОЦЕССА. СТАТЬЯ 44 ГПК РК ДАЕТ ПЕРЕЧЕНЬ УЧАСТНИКОВ ПРОЦЕССА, КОТОРЫЕ МОГУТ БЫТЬ СТОРОНАМИ, ОДНАКО В ЗАКОНЕ ОТСУТСТВУЕТ ОПРЕДЕЛЕНИЕ СТОРОН.

Обе стороны являются субъектами спорного материального правоотношения. Но поскольку суд только в судебном решении может дать окончательный ответ, то до момента вынесения решения он исходит из предположения, что данные лица являются субъектами спорного материального правоотношения. Поэтому истец и ответчик – это только предполагаемые субъекты спорных прав и обязанностей.

Кого называют сторонами в гражданском процессе? Так, сторонами называются лица, от имени которых ведется процесс и материально-правовой спор которых должен разрешить суд. Сторонами в гражданском процессе – истцом и ответчиком могут быть граждане, граждане-предприниматели, государственные предприятия и учреждения, кооперативные организации, общественные организации и иные субъекты, пользующиеся правами юридических лиц. В качестве сторон могут выступать иностранные граждане и фирмы, лица без гражданства. В каждом деле искового производства всегда две стороны. Истец – это лицо, субъективные материальные права или охраняемые законом интересы которого нарушены или оспариваются и в силу этого нуждаются в защите. Само по себе слово "истец" происходит от слова "искать" искать защиты. Истцовую сторону принято называть активной, поскольку действия в защиту ее прав и интересов влекут за собой возникновение процесса. Ответчик – это лицо, которое привлекается к ответу в связи с заявлением истца о том, что нарушены или оспариваются его субъективные права или охраняемые законом интересы, и является пассивной стороной в гражданском процессе.

А какие права имеют стороны, участвующие в деле? Они имеют право знакомиться с материалами дела, делать выписки из них и снимать копии; заявлять отводы; представлять доказательства и участвовать в их исследовании; задавать вопросы другим лицам, участвующим в деле, свидетелям, экспертам и специалистам; заявлять ходатайства, в том числе о принятии мер по обеспечению иска, по обеспечению доказательств, об истребовании дополнительных доказательств, о применении примирительных процедур; давать устные и письменные объяснения суду; приводить свои доводы по всем возникающим в ходе судебного процесса вопросам; возражать против ходатайств и доводов других лиц, участвующих в деле; участвовать в судебных прениях; знакомиться с протоколом судебного заседания и подавать на него письменные замечания; обжаловать решения, определения и постановления суда; пользоваться другими процессуальными правами, предоставленными законодательством Республики Казахстан о гражданском судопроизводстве. Они должны добросовестно пользоваться всеми принадлежащими им процессуальными правами, не злоупотребляя правами других лиц, не нарушая их интересы, и не допускать умышленное затягивание сроков рассмотрения и разрешения дела.

Нургиса ЕРГАЗЫ,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС.

ДОЛЖНОСТЬ

Секретарь судебного заседания является важным звеном в судебной системе Республики Казахстан. С учетом того, что именно секретари судебного заседания являются одними из основных кандидатов на должность судьи, требования к ним обоснованно повышаются. Стоит помнить, что обладающий большим багажом знаний, образованный, грамотный, опытный секретарь судебного заседания сегодня – это квалифицированный судья завтра. Так как сегодня в судебной системе происходят масштабные реформы и расширяется сфера применения новых технологий, секретари судебного заседания должны обладать достаточными навыками работы с офисной техникой.

ОТВЕТСТВЕННАЯ РАБОТА

Так, например, с января 2015 года все судебные заседания в стране проводятся с применением средств аудио-видеофиксации, в связи с чем секретарь обязан перед началом процесса проверить исправность аппаратуры в зале заседания и в процессе фиксации наблюдать за надлежащей работой фиксирующего оборудования, а по окончании обеспечить запись файла на носителе и его сохранность до сдачи дела в архив. С марта 2016 года произошла интеграция информационных систем судебных и исполнительных органов, и секретари судебного заседания освоили навыки направления исполнительных документов электронным способом.

Секретарь должен знать действующее законодательство Республики Казахстан, следить за законодательными изменениями и тенденциями, иметь организаторские способности, умение анализировать, разрабатывать план определенных действий, грамотно распределять свое рабочее время, при этом быть собранным, ответственным и корректным. Ведь за защитой своих прав в суде зачастую обращаются люди, оказавшиеся в трудной ситуации из-за незнания своих прав или закона и зачастую секретарь суда является тем человеком, которого в первую очередь встречают граждане, пришедшие в суд, поэтому надлежит относиться уважительно и корректно к каждому посетителю суда.

Среди умений, которые должны быть присущи секретарю – организаторские способности, умение анализировать, разрабатывать план определенных действий, работать с действующим законодательством, быстро реагировать на ситуации и приспосабливаться к ним, грамотно распределять свое рабочее время, а также очень важно владение приемами межличностных отношений. Последнее одно из самых важных качеств секретарей судебного заседания, так как именно они в первую очередь контактируют с участниками по делу и информируют их о дате следующего судебного заседания, о вынесении судебного акта или о готовности протокола судебного заседания и тому подобное

От организованной работы секретаря судебного заседания, его ответственности, грамотности, добросовестного отношения к работе и даже аккуратности во многом зависит имидж судьи, соответственно и суда и всей судебной системы в целом.

Асель КАСЕНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

РЕФОРМЫ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ

ВЧЕРА. СЕГОДНЯ. ЗАВТРА

После обретения страной независимости в казахстанской судебной системе произошли существенные изменения. Одним из ключевых направлений реформ было обеспечение верховенства права и модернизацию этой сферы. За этот период принято множество государственных программ и законодательных новшеств в целях улучшения деятельности судов. Хотелось бы остановиться на некоторых важных документах, касающихся судебной системе в республике. Так, принятый в декабре 1991 года Конституционный закон «О государственной независимости» установил, что осуществление государственной власти в Республике Казахстан строится на основе принципа ее разделения на законодательную, исполнительную и судебную. Этот принцип был закреплен в Конституции 1993 года, утвердившей организационные основы деятельности судебной власти.

Комплекс мер, направленных на коренное изменение всей национальной правовой системы был заложен в Государственной программе правовой реформы утвержденной в 1994 году. Предполагалась реорганизация судоустройства и судопроизводства, совершенствование материального и процессуального законодательства.

С принятием Конституции 1995 года и Указа Президента, имеющего силу Конституционного закона, «О судах и статусе судей Республики Казахстан», были введены принципиально новые положения о правосудии как непосредственной форме осуществления судами государственной власти, независимости судебных органов от законодательных и исполнительных структур.

Закон изменил не только функциональный характер судов, но и их социальную сущность. В соответствии с Конституцией была упразднена система арбитражных судов с передачей их функций судам общей юрисдикции и тем самым закреплено единство судебной системы.

Логическим завершением преобразований этого периода стало принятие в декабре 2000 года Конституционного закона «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан», заложившего принципиально новые нормы, определяющие основные элементы судоустройства и порядок работы судов республики.

В соответствии с приоритетами, определенными государством в правовой сфере, принят ряд мер по дальнейшей модернизации судебной системы, направленной на упрощение судопроизводства, разграничение вопросов правосудия и судебного администрирования.

Новые социальные отношения, порожденные условиями рыночной экономики, обусловили развитие специализированных судов. Так, с 2002 года начали работу специализированные межрайонные экономические и административные суды.

В 2007 году в городах Астана и Алматы образованы специализированные межрайонные суды по делам несовершеннолетних, а с 2012 года они созданы во всех регионах республики.

Важным событием в процессе совершенствования судебной системы стало введение с 1 января 2007 года института присяжных заседателей, что в значительной степени расширило возможности участия общественности в отправлении правосудия.

Очередной этап совершенствования системы правосудия связан с внесением поправок в мае 2007 года в Основной закон страны. Благодаря принятым новеллам, были созданы еще более надежные правовые гарантии обеспечения защиты конституционных прав граждан, в частности, посредством введения судебного санкционирования ареста. Согласно конституционным поправкам упразднена Квалификационная коллегия юстиции с передачей ее функций по отбору кандидатов на должности судей в ведение Высшего Судебного Совета, что окончательно отделило суды от исполнительной власти. В этом же году внесены изменения в Конституционный закон «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан», предусматривающие целостную систему мер по усилению требовательности к профессиональным качествам судьи и повышению его ответственности за соблюдение законности при отправлении правосудия.

Последовательное развитие получают институты внесудебных альтернативных способов разрешения споров путем примирительных процедур и медиации. С принятием в 2011 году Закона «О медиации» количество дел с участием медиаторов из года в год увеличивается.

Важным шагом в деле интеграции отечественного правосудия в международное судебное сообщество и признания заслуг судебной системы стало принятие в 2011 году Союза судей Казахстана в полноправные члены Международной Ассоциации Судей.

В настоящее время реализуется дорожная карта по повышению индекса независимости судебной системы. Принята новая методика проведения мониторинга деятельности судов, позволяющая исключить неправомерное влияние на судей внутри самой судебной системы. Повсеместно получило развитие электронное судопроизводство. В целях повышения открытости и доступности правосудия для населения разработана Концепция информатизации в судебной системы.

Мерей ТОКТАГУЛОВА,
судья специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Алматинской области №1

ПРОИСШЕСТВИЕ

ПОЛИЦИЯ СДЕЛАЛА ЗАЯВЛЕНИЕ ПО ЧП С ОБРУШЕНИЕМ КРЫШИ В ШЫМКЕНТЕ. ПОЛИЦИЕЙ ШЫМКЕНТА НАЧАТО ДОСУДЕБНОЕ РАССЛЕДОВАНИЕ ПО ФАКТУ ОБРУШЕНИЯ КРОВЛИ НА ЦЕНТРАЛЬНОМ СТАДИОНЕ ВО ВРЕМЯ МАТЧА КПЛ-2022, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ДП.

ОБРУШЕНИЯ КРОВЛИ НА СТАДИОНЕ

Происшествие произошло в матче 12 тура между «Ордабасы» и «Аксу», после которого матч был прерван. Из-за непогоды был перенесен еще один матч турнира. «Сегодня, на пульт 102 Аль-Фарабийского РУП поступило сообщение об обрушении крыши на стадионе. На место сразу же прибыла следственно-оперативная группа. Полицейские установили, что во время футбольного матча между командами «Аксу» Павлодар – «Ордабасы» Шымкент из-за порывистого ветра обрушилась кровля. Пострадавших нет.

По данному факту полицейскими проводится досудебное расследование по ст.278 УК РК «*Недоброкачественное строительство». Назначены все необходимые экспертизы»,* – сообщает пресс-служба.

Отреагировала на происшествие и Профессиональная футбольная лига Казахстана (ПФЛК), которая также разместила официальное сообщение. «На стадионе имени Кажымукана в городе Шымкент во время проведения матча чемпионата Казахстана «Ордабасы» – «Аксу» случилось происшествие, вызванное погодными условиями. С административного здания стадиона ветром сорвало перекрытие, после чего игра была незамедлительно остановлена. По имеющейся в распоряжении ПФЛК информации, жертв и пос-традавших нет», – говорится в сообщении.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ФУТБОЛ

«QAREKET» ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Сенбі күні Алматы қаласында журналист, комментатор Амангелді Сейітханды еске алуға арналған БАҚ өкілдері арасында шағын футболдан республикалық турнир өтті.

Бәсекеге Алтай мен Атыраудың арасын жалғаған сайын даладан он алты команда жиылды. Жарыс беделінің жоғары екенін келген командалардан байқауға болады. Осыған дейін журналистер арасындағы жарыстардан тыс қалып жүретін Атырау командасы еске алу турниріне тұңғыш рет қатысты. Бәсекенің ашылу салтанатына қадірменді қонақтар көп келді. Олардың арасында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, Амангелді Сейітханның ұстазы, спорт журналистикасының ардагері, комментатор Рабат Жәнібеков, «Хабар» телерадио компаниясының басқарма төрағасы Берік Уәли және Амангелді Сейітханның отбасы, туыстары болды.

Доданың ашылу салатанатында қонақтар сөз сөйлеп, Амангелді ағамыздың ерен істерінен естелік айтып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Артынан «Жеңісті күндерде жүздескенше» кітабының тұсауы кесіліп, турнирдің шырайын одан ары асырды. Артынша Құран бағышталып, марқұмның рухына тағзым жасалды.

Көп ұзамай ойын басталды. Келген командалар төрт топқа бөлінді. Алматы облысынан Жетісудың намысын арқалап барған «Qareket», «Тұран-Түркістан», «КТК» және Амангелді Сейітханның «Dream-Team» командасы «В» тобында кім мықтыны анықтады.

Алғашқы ойында киелі Түркістаннан келген футболшылармен кездескен жетісулықтар тартысты ойын өрнегін көрсетті. Екі мықты да бір-бірін аңдып бақты. Нәтижесінде, жетісулықтар қарсыластың қақпасынан саңылау тауып, алғашқы жеңіске қол жеткізді. Екінші ойында «КТК» командасымен кездесті. «КТК» арнасы оңай шағылар жаңғақ емес, өте мықты команда. Арасында жасы алпысты алқымдаған журналист Сраил Смайыл, жас қырандар Аман Тасығаң, «Қарекеттің» байырғы ойыншысы Диас Нұрлыбаев пен Асыл Махметов, Дулат Кәрібай секілді сақа ойыншылар бар. Нақтысын айтсақ, өткен жылы Талдықорған қаласында өткен Бейсен Құранбек атындағы республикалық турнирдің жеңімпазы. Сонымен, кескілескен ойында «КТК» командасының жолы болды. Жетісулықтардың қақпасына жалғыз допты салып, қоржындарын үш ұпаймен толтырды.Үшінші кездесуде Жетісу жігіттері «Dream-Team» командасын 2-0 есебімен ұтып, плэй-офф кезеңіне жолдама алды.



Ширек финалда «Qareket» командасы шым қаладан келген «Шымкент» командасымен кездесті. Олар да осалдар санатынан емес. «Jetisý» газетінің жүз жылдық тойына ұйымдастырылған турнирдің бас бәйгесін алған оғландар. Өз тобынан бірінші орынмен шыққан шымкенттік команда өте тегеурінді қарсылас бола білді. Екі команданың арасындағы ойын нағыз драмаға толы болды. Шабуылдан шабуыл. Бір-бірінің осал тұсын таба алмай әбден әбігерге түсті. Жанкүйерлер де қиқуға салып, қос команданың арасындағы тартысты одан ары қыздырды.

Негізгі уақыт тең аяқталып, пенальти сериясына ұласты. Турнирдің басынан үздіктер санатына енген жетісулық қақпашы Самат Есентайұлы бұл жолы да шеберлігін көрсетті. Ойын кезінде небір сәйфтерді жасап, жанкүйердің таңдайын қақтырды. Әсіресе, пенальтиде қарсыластың соққысына кеудесін тосқан Самат Есентайұлы талдықорғандық команданы жартылай финалға алып шықты.

Жартылай сында біздің жігіттердің жолы «Хабар» арнасының ойыншыларымен түйісті. «Хабар» нағыз мықты команда. БАҚ лиганың бірнеше дүркін чемпионы, әлем чемпионатына қатысқан үздіктер.«Jetisý» арнасының жиырма жылдығына арналған турнирдің чемпионы. Сонымен екі мықтының арасындағы кездесу нағыз майдан болды. Сұрапыл ойында кімнің алары белгісіз еді. Өйткені, екі жақтың мықтылары да бар күштерін сарпып, финалдық жолдамаға таласты. Бұл ойын да тең нәтижемен аяқталды.

Пенальти сериясы да қызықты өтті. Жанын шүберекке түйген жанкүйер де, екі команданың ойыншылары да Жаратқанға жалбарынып, соққы жасайтын ойыншы мен қақпашының тілеуін тіледі. Алғашқы соққылар қақпаға енгенімен екіншісінде екі қақпашы да допты қайтарды. Үшінші соққы, шешуші кезең. Нүктеге доп қойған жетісулық Асыл Сұлтанғазы «тоғыздықты» дәл көздеді. Жетісулықтар аспанға секірді. Асықпаңдар, біздің бір соққымыз бар деген «хабарлықтар» соңғы мүмкіндікті мүлт жібермеуге ынғайланды. Қақпада Самат Есентайұлы. Барлығымыз Саматтың тілеуін тіледік. Соққы, доп қақпа маңдайынан кері қайтты.

Жарады! «Qareket» финалға өтті. Ақтық сында «Qareket» командасын «КТК» арнасы күтіп тұрды. Топтық кезеңде есе жібердік. Оңай қарсылас емес. Тыңғылықты дайындалып, ұтымды жоспарды бекіттік. Қырықтан асқан Есболат Айдабосын шабуыл өтіне көшті. Тасқамал қорғаушы Аршын Айдынбекұлы қақпаның алдын күзетіп бақты. Командаңың қара құлыпы – Самат Есентайұлы қақпаның саңылауын бекітті. Орталықты қорғауға Санат Мұратов, Мереке Тілепалды, Айдар Қалиев, Айдын Тоқсанов, Ерлан Ұшақпаев, Ризат Қыдыралин, Серік Қантаев тұрды. Шаршағандары ауысып отырып, ойын жалғасып жатты. Финалды тамашалаған жанкүйерлердің делебесі қозды.

Екі команданың қақпашысы да нағыз қара құлып екен. Сойқан соққының бетін қайтарып, көрген жұртты бір серпілтіп тастады. Ойынның бітуіне екі минут қалғанда жетісулықтар есеп ашты. Қарсыластар қарымта шабуылға көшті. Оған тасқамал қорғаушы қауіптің бетін қайтарып, қақпаға шабуылшыны жолатпады. Қарсыластар қақпасының алдында тайталас басталды. Кімнің доп теуіп жатқаны белгісіз, үлкен майдан. Апыр-топырдың ішінен суырыла шығып, соққы жасаған Санат есепті еселеді. Міне, керемет, жетісулықтар жеңіс табалдырығында тұр.

Жеңіс ысқырығы! Ортаға лап қойған жанкүйерлер «Qareket» командасының бір-бір ойыншысын басына көтеріп, жеңісімен құттықтап жатыр. Осылайша, Амангелді Сейітханның алғашқы турнирінің жеңімпазы – жетісулық «Qareket» командасы атандық. Күміс жүлдегер «КТК» командасы болса, қоланы «Экспресс-К» сайты иеленді.


Жеңімпаздарды Амангелді Сейітханның бауыры мен «Хабар» арнасы басқармасының төрағасы Берік Уәли марапаттап, чемпиондар кубогын табыс етті. Жарысқа келген барлық журналистер, жанкүйерлер турнирді жоғары деңгейде ұйымдастырған журналист, комментатор Жандос Айтбай мен Азиз Жұмәділге алғысын жаудырды.

Олай болса, құрметті әріптестер, жеңісті күндерде жүздескенше!

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

ЕРКІН КҮРЕС

ҮШ БАЛУАНЫМЫЗ ҮЗДІКТЕР ТІЗІМІНДЕ



Біріккен күрес әлемінің (UWW) рейтингі қайта жаңартылды. Еркін күрес шеберлерінің «ТОП-10» балуаны санатында Қазақстанның үш өкілі бар. Олар – Нұрислам Санаев, Азамат Дәулетбеков және Олег Болтин. 57 кило салмақтағы үздіктер тізімінде Нұрислам алтыншы орынды иеленсе, алыптар арасында Олег жетінші орынға жайғасты. Ал 86 килодағы Дәулетбеков сегізінші сатыға табан тіреді. Өкінішке қарай, өзге отандастарымыз мықтылар қатарына қосыла алмады.

Еркін күрес шеберлері арасында америкалықтардың айдарынан жел есіп тұр. АҚШ-тың төрт бірдей апайтөсі әлемдік рейтингте көш басында. Олар – Томас Гилман (57 кило), Кайл Дейк (74 кило), Джордан Барроуз (79 кило) және Дэвид Тейлор (86 кило). Ресейдің өкілдері арасында Абасгаджи Магомедов (61 кило), Загир Шахиев (65 кило) және Абдулрашид Садулаев (97 кило) алдына жан салар емес. Сондай-ақ грузиялық Зураби Якобишвили (70 кило), ирандық Камран Гасемпур (92 кило) және түркиялық Таха Акгүл (125 кило) теңдессіз деп танылуда. Олардың барлығы да Олимпия ойындары, әлем мен құрлық чемпионаттары және аса ірі халықаралық турнирлерде атой салып жүрген саңлақтар. Ал «ТОП-10» балуанның толық тізімі төмендегідей:

57 кило: 1. Томас Гилман (АҚШ), 2. Рави Кумар (Үндістан), 3. Завур Угуев (Ресей), 4.Әлиреза Сарлак (Иран), 5. Хорст Лер (Германия), 6. Нұрислам Санаев (Қазақстан), 7. Сүлейман Атли (Түркия), 8. Арыйан Тютрин (Беларусь), 9. Владимир Егоров (Солтүстік Македония) және 10. Абубакар Муталиев (Ресей).

61 кило: 1. Абасгаджи Магомедов (Ресей), 2. Арсен Арутюнян (Армения), 3. Дейтон Фикс (АҚШ), 4. Тошихиро Хасегава (Жапония), 5. Геогий Вангелов (Болгария), 6. Улукбек Жолдошбеков (Қырғызстан), 7. Равиндер Равиндер (Үндістан), 8. Тувшинтулга Туменбилег (Моңғолия), 9. Гаджимагомед Алиев (Бахрейн) және 10. Сүлейман Атли (Түркия).

65 кило: 1. Загир Шахиев (Ресей), 2. Тулга Тумур-Очир (Моңғолия), 3. Гаджи Алиев (Әзербайжан), 4. Такуто Отогуро (Жапония), 5. Баджранг Пуния (Үндістан), 6. Амир Яздани (Иран), 7. Исмаил Мусукаев (Мажарстан), 8. Алибек Осмонов (Қырғызстан), 9. Гаджимурад Рашидов (Ресей) және 10. Рохит Рохит (Үндістан).

70 кило: 1. Зураби Якобишвили (Грузия), 2. Ерназар Акматалиев (Қырғызстан), 3. Магомедмурад Гаджиев (Польша), 4. Арман Андриасян (Армения), 5. Евгений Жербаев (Ресей), 6. Джеймс Грин (АҚШ), 7. Туран Байрамов (Әзербайжан), 8. Мохаммад Элахи (Иран), 9. Николай Грамец (Молдова) және 10. Мустафа Кайа (Түркия).

74 кило: 1. Кайл Дейк (АҚШ), 2. Таймураз Салказанов (Словакия), 3. Заурбек Сидаков (Ресей), 4. Фазли Эрилмаз (Түркия), 5. Магомедхабиб Кадимагомедов (Беларусь), 6. Франк Чамизо (Италия), 7. Бекзод Абдурахмонов (Өзбекстан), 8. Автандил Кенчадзе (Грузия), 9. Тимур Бижоев (Ресей) және 10. Юнес Эмами (Иран).

79 кило: 1. Джордан Барроуз (АҚШ), 2. Мохаммад Ноходи (Иран), 3. Арман Авагян (Армения), 4. Георгриос Кугиумцидис (Грекия), 5. Радик Валиев (Ресей), 6. Ника Кенчадзе (Грузия), 7. Риуки Йошида (Жапония), 8. Сайфедин Алекма (Франция), 9. Али Савадкухи (Иран) және 10. Ашраф Аширов (Әзербайжан).

86 кило: 1. Дэвид Тейлор (АҚШ), 2. Хасан Яздани (Иран), 3. Артур Найфонов (Ресей), 4. Майлз Амин (Сан-Марино), 5. Абубакр Абакаров (Әзербайжан), 6. Борис Макоев (Словакия), 7. Осман Гочен (Түркия), 8. Азамат Дәулетбеков (Қазақстан), 9. Дипак Пуния (Үндістан) және 10. Ахмед Айбуев (Франция).

92 кило: 1. Камран Гасемпур (Иран), 2. Осман Нурмагомедов (Әзербайжан), 3. Магомед Курбанов (Ресей), 4. Джейден Кокс (АҚШ), 5. Омаргаджи Магомедов (Беларусь), 6. Андрей Власов (Украина), 7. Адам Пуарье (Канада), 8. Иракли Мцитури (Грузия), 9. Эрхан Ялачи (Түркия) және 10. Ахмед Магамаев (Болгария).

97 кило: 1. Абдулрашид Садулаев (Ресей), 2. Кайл Снайдер (АҚШ), 3. Сулейман Карадениз (Түркия), 4. Магомедгаджи Нуров (Солтүстік Македония), 5. Батцул Ульзисайхан (Моңғолия), 6. Абрахам Коньедо Руано (Италия), 7. Рейнерис Салас Перес (Куба), 8. Александр Гуштын (Беларусь), 9. Можтаба Голейдж (Иран) және 10. Магомед Закариев (Украина).

125 кило: 1.Таха Акгюл (Түркия), 2. Гено Петриашвили (Грузия), 3. Амир Заре (Иран), 4. Лхагвагерель Мунхтур (Моңғолия), 5. Гейбл Стивсон (АҚШ), 6. Ник Гваздовски (АҚШ), 7. Олег Болтин (Қазақстан), 8. Геннадий Кудинович (Германия), 9. Живей Денг (Қытай) және 10. Амар Дхеси (Канада).

Естеріңізге сала кетейік, былтыр әлемдік рейтингте көш бастаған балуандарға 10 000 АҚШ доллары көлемінде сыйақы берілсе, екінші және үшінші орындарды иеленгендер 7 000 және 3 000 доллардан алғантын. Биыл сыйақы мөлшері артады деген әңгіме бар. Алдағы рейтингтік турнирлер Алматы (2-5 маусым), Рим (22-25 маусым) және Тунисте (14-17 шілде) өтеді. Сондай-ақ, күзде Белградта жалауы желбірейтін әлем чемпионатында да ұпай қорын молайтуға жақсы мүмкіндік бар.

ТЕННИС

АЛАН ҚҰРМАНҒАЛИЕВ АЛДЫНА ЖАН САЛМАДЫ



Польшаның Владислава-воо қаласында үстел теннисінен өткен WTT Youth Contender атты халықаралық турнирде қарағандылық шебер Алан Құрманғалиев қарсыластарын қоғадай жапырып, чемпион атанды, деп жазады Egemen.kz облыс әкімінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Әлемнің 33 елінен 260-тан астам теннисші бақ сынаған додада ол U-15 жас санаты бойынша өнер көрсетіп, жеті бірдей қарсыласын қапы қалдырды. Ал финалдық жекпе-жекте Алан француз спортшысы Антуан Нуароны 3-1 есебімен тізе бүктірді.

Қазақстан Үстел теннисі федерациясының президенті Данияр Әбілғазин жас дарынның бұл турнирдегі толайым табысының кездейсоқтық емес екенін атап өтті.

– Біз мұны халықаралық рейтингтік турнирлердегі орасан зор еңбек пен тұрақты өнер көрсетудің заңды нәтижесі ретінде қарастырамыз. Соңғы кезеңде Алан ITTF халықаралық турнирлерінде әртүрлі дәрежедегі 13 медальді жеңіп алды және 15 жасқа дейінгі спортшылар арасында әлемдік рейтингте бірінші орында келеді. Алан Құрманғалиев пен жаттықтырушы Эльмира Әлиеваны шын жүректен құттықтаймын және оларға халықаралық спорт аренасында жаңа жеңістер тілеймін, – деп құттықтады ол теннисші мен оның бапкерін.

Еске салар болсақ, бұдан бұрын Алан Құрманғалиев дәл осы турнирде U-17 жас санатында сынға түсіп, тек финалда оңтүстіккореялық теннисші Чжун Сунға ғана есе жіберген болатын.

Egemen.kz сайтынынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН



ІЛИЯС ІЗБАСАРЛАРЫ

АҚЫНҒА АРНАУ

Өлеңнің өрен жүйрігі
Орын алды жырынан тарихтың тұлғалары,
Кәусар жыр көмейінен сорғалады.
Ерлігі Исатай мен Махамбеттің,
Жыр болып аралады ен даланы.

Күй шерткізіп күйшіге күмбірлетіп,
Жүрегін де ханшаның дірілдетіп.
Қыл қобыздан күй тартты қарт Молықбай,
Көзі көрген ел жайын күңірентіп.

Қадір тұтам бабамның басқан белін,
Ақынның кіндік қаны тамған жерін
Мекенінде туса да Кіндікқоңыр,
Өмірде жырлап өткен қазақ елін.

Ілияс – ұлы ақын, алып қыран,
Көгімізде жұлдыз боп жанып тұрған.
Мен оны қастерлеймін, пір тұтамын.
Ақынның жолын қуған мен бір ұлан.

Әсемгүл ҚАДЫЛХАН

ЖЫР ҚҰЛАГЕРІ

Ол өмірге келгенде көктем еді,
Күллі әлемге шұғыласын төккен еді.
Құшақ жая қарсы алған туған елдің,
Алғысына бөленіп өскен еді.

Орны бөлек әдебиет саласында,
Қазағымның мынау дархан даласында.
Тегеуірінді ақынның туындысы,
Бағаланды халықтың арасында.

Ғасыр мейлі өтседағы бұлаңдап,
Отырамыз ақынға біз жыр арнап.
Құлагер ақын, Ілияс ата бұл күнде,
Мерей тойын тойлап жатыр мына аумақ.

Тұрасыз сіз ұлы елдің мақтаны боп,
Жабылған жаладан да ақтады көп.
Есіне алып есіл ұлын бүгінде,
Жырлап жатыр Ақсудың жастары кеп.

Амина БЕКБОЛАТҚЫЗЫ

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ҚҰЛПЫНАЙДЫҢ ҚҰПИЯСЫ

МАМЫР ЖӘНЕ МАУСЫМ – ҚҰЛПЫНАЙДЫҢ ПІСЕТІН УАҚЫТЫ. ОНЫҢ ҚАНШАЛЫҚТЫ ДӘМДІ ЕКЕНІН ӨЗІҢІЗ БІЛЕСІЗ. БІРАҚ ОНЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТИГІЗЕР ПАЙДАСЫ ЖАЙЛЫ БІЛЕ БЕРМЕЙМІЗ.

Есте сақтау қабілетін жақсартады

Жақында жүргізілген зерттеулерге сәйкес, құлпынай мидың қартаю процесін баяулатады, оның функционалдық өмірін ұзартады. Бұл бізге қартайғанда да мүмкіндігінше ұзақ уақыт бойы есімізді жоғалтпауға мүмкіндік береді. Бір қызығы, құлпынайды күнде жеу қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін жақсартатынын дәлелдейтін зерттеу де бар. Яғни, есте сақтау қабілетінің нашарлауы, Альцгеймер ауруының басталуына тосқауыл болады.

Көру қабілетін жақсартады

Піскен қызыл құлпынай есте сақтау қабілетіне ғана емес, көру қабілетіне де пайдалы. Көптеген зерттеулер құлпынайды күнделікті тұтынуы тордың макулярлы дегенерациясының, катарактаның, көздің құрғауының, прогрессивті соқырлықтың және жас қосылған сайын тіндердің өзгеруіне байланысты басқа да проблемалардың дамуына жол бермейтінін растайды. Жидектердің бірегей биохимиялық құрамы көру қабілетінің бұзылуына әкелетін көптеген аурудың алдын алады. Сонымен қатар бар ауруларды прогрессивті емдеуге ықпал етеді.

Антиоксиданттарға бай

Алдымен, осы антиоксиданттардың не екенін еске түсірейік. Антиоксиданттар немесе консерванттар – белсенді оттегінің дене жасушаларына зиянды әсерін болдырмайтын



заттар. Антиоксиданттар денені ерте қартаюдан және ауыр аурулардан қорғайды.

Ғалымдар құлпынайда фенолдық қосылыстардың – биофлавоноидтардың көп мөлшері бар екенін атап өтті, олар айқын антиоксиданттық қасиеттерге ие. Құлпынай тұтыну дененің зиянды заттар әсеріне қарсы тұру қабілетін арттыратыны дәлелденген. Дегенмен, бір маңызды нюансты айтып өткен жөн: барлық құлпынай бірдей пайдалы емес. Жидек түсі неғұрлым қою болса, соғұрлым пайдалы болады.

Эллаг қышқылына бай

Эллаг қышқылы — жасушалық циклды реттегіш. Көбінесе жеміс, жаңғақ және жидек сығындыларында кездеседі. Зат рак клеткаларының мутациясын тоқтату қабілетінің арқасында танымал болды. Құрамындағы эллаг қышқылының саны бойынша құлпынай үшінші орында тұр. Ол ісік процестерін басу мүмкіндігінен басқа, қабынуға қарсы әсерге ие, ағзаға пайдалы процестерге оң әсер етеді, сонымен қатар иммундық жүйені нығайтады, оны сыртқы әсерден қорғайды.

С витаминінің көзі

С витаминінің немесе аскорбин қышқылының негізгі көздері лимон, апельсин және сарымсақ. Сонымен қатар, құлпынай да бұл дәрумennің көзі саналады: бір уыс құлпынайда бір апельсин құрамынан көбірек С дәрумені бар. Рас, мұндай қасиет жылыжайда емес, ашық күн астында өсірілген құлпынайда ғана болатынын есте ұстаған жөн. Бір қызығы, мұздатылған құлпынай бұл витаминді жаңа піскен құлпынай сияқты сақтай алады. Бірақ сіз джемдер мен консервілерге үміттене алмайсыз - жоғары температура витаминді жояды және тәтті қоспада пайдалы заттар қалмайды.

Қатерлі ісіктің алдын алады

Бүгінгі күні қатерлі ісік және оның алдын алу әдістерін зерттеу үшін жыл сайын жүздеген зерттеулер жүргізіледі. Олардың кейбіреулері белгілі бір тағамдарды үнемі тұтыну қатерлі ісік ауруының даму мүмкіндігін азайтуға көмектесетінін көрсетеді. Бұл тізімге құлпынайды да тіркегені мәлім. С витаминінің, эллаг қышқылының, антоцианиннің, кемпферолдың және басқа да пайдалы заттардың жоғары концентрациясына байланысты бұл жидек қатерлі ісіктің кейбір түрлерінің дамуына жол бермейді. Құлпынайдың бұл қасиетін растайтын соңғы зерттеулердің ішінде Огайо университетінің онкологиялық зерттеулер орталығының жұмысы бар.

Қандағы қант деңгейін қалыпқа келтіреді

Құлпынай – қант диабетімен ауыратындар жеуге болатын тәтті жидектердің бірі. Фитонутриенттердің жоғары деңгейі арқасында қандағы қант деңгейінің күрт артуына ықпал етпейді, сонымен қатар қанттың сіңуін баяулатады. Осыған байланысты ол қант диабетінің даму қаупі жоғары адамдарға да ұсынылады. Бұл жидек диабетті алдын-алудың тамаша құралы болып табылады деп саналады.

Жүрекке пайдалы

Бұл қызыл жидектер көптеген жүрек-қан тамырлары ауруларының пайда болу және даму қаупін төмендететіні дәлелденді. Жоғарыда айтқанымыздай, құлпынай әртүрлі дәрумендер мен антиоксиданттарға бай, бірақ бұл жағдайда магний мен калий шөгінділерінің піскен жидектерде де болуы әлдеқайда маңызды. Соңғысы қан қысымын қалыпқа келтіруде, сондай-ақ сұйықтықтың тоқырауының алдын алуда маңызды рөл атқарады, бұл дененде немесе ішкі органдарда пайда болуы мүмкін ісінулерге әкеледі.

Аллергиясы барларға пайдалы

Бір қызығы, бұл жидек бір қарағанда, әртүрлі аллергия түрлерінен зардап шегетін адамдарға ұсынылады. Құлпынай аллергиямен байланысты қабынуды және белгілі бір биохимиялық реакцияларды тежейді.

Сонымен қатар, құлпынай болашақ аналарға пайдалы. Зерттеулер көрсеткендей, егер әйел жүктілік кезінде құлпынай тұтынса, балада құлпынайға аллергияның даму қаупі аз болады.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Шашты күріш суымен жуу ТикТокта танымал болған жаңа сұлулық үрдісіне айналды. Бұл әдісті рэпер Карди В сияқты шаш күтімінің нағыз фанаттары да қолданады деген сөз бар.

КҮРІШ СУЫНЫҢ ПАЙДАСЫ



Күріш суы бас терісімен қатар шашты нығайтып, жұмсартады екен. Күріш суын жасау үшін күріштің үстіне бір стақан қайнаған су құю керек немесе сүзгіден өткізер алдын оны 24 сағат бойы суға салып қойыңыз. Шашыңызды алынған сұйықтықпен шайып, 30 минутқа қалдырыңыз, содан кейін шашыңызды сусабынмен жуыңыз.

Шашты нығайтудың бұл әдісі бізге Жапониядан келді: Хэйан дәуірінің сарай ханымдары шаштарын күріш суымен жуды, ал олардың қалың шаштары еденге дерлік жететін. Сонымен қатар, «күріш» процедуралары Кореяда да танымал: корей әйелдері күріш суымен бетін жууды жақсы көреді, өйткені ол теріні ылғалдандырып қана қоймай, сонымен қатар оны ағартады. Күріш суы шашты нәрлендіретін және жылтырататын дәрумендер мен минералдарға бай. «Күріштің құрамында шаш протеині саналатын цистеин амин қышқылының аз мөлшері бар, сондықтан ол шашты қалпына келтіруге көмектеседі», – дейді сұлулық саласындағы химик маман Джинджер Кинг. Күріш суының құрамында әлсіреген шашты қалпына келтіруге көмектесетін инозит бар екені белгілі. Бұл компоненттер бас терісін сау ұстауға қосымша көмек береді.

ТӘМСІЛ

ЖЫЛҚЫНЫҢ САҒЫМЫ



Дүкен қожайыны Меб Рабиды іздеп келіп шағына бастады:

– Раби, мен құрдым, дүкенімнің қарсы жағында нендей іс туылғанын білесің бе? Біреу келіп дүкен ашып алыпты, енді менің саудамды тартып алатын болды. Күн көрісім тығырыққа тірелді! – деді.

Раби ес-ақылы шыққан жігітке:

– Отырсаңшы, анда-санда атыңды жетектеп барып көлшіктен суарып жүрсің бе? – деді.

– Иә, Раби, бірақ...

– Аттың көлшіктің ортасында тұрып су ішетінін байқайсың ба? – деді Раби жігітке.

– Байқап жүрмін ғой.

– Жарайды, онда аттың не үшін аяғымен көлшікті тарпып су ішетінін мен саған айтайын. Раби орындықтан алдыға қарай ұмсынып отырды.

– Ат судан өзінің сағымын көреді. Бірақ, ол жануар судағы сағымының өзі екенін мүлде білмейді, тағы бір ат келіп су ішкелі тұр екен деп ойлайды, сонымен суға қанбай қаламын ба деп аяғымен тарпып, өзге жылқыны қуып жібермек болады.

Раби аз-кем тыныстай қалды.

– Бірақ көлшіктің суы мол, қанша жылқы келіп ішсе де жетеді ғой.

Раби арқасын орындыққа тірей шалқалап, жымиып қойды. Дүкен қожайыны да Рабиға қарап күлді. Бұл оның бүгінгі тұңғыш күлкісі еді.

Материалдар Massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры **Бақберген ТҰКІБАЕВ**

Бас редактор **Айтақын БҰЛҒАҚОВ**

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: *040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.*

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 528
Индекс 15534